253. Әлібекұлы, Ә. Мерейтойлық көш–керуен: ақынның 75 жасқа толуына орай өткізілетін іс-шаралар // Орал өңірі. – 2019. – 5 ақпан. – 8 б.

254. Әлімақын, Д. Өлең намыстан туады: А. Бақтыгереева // Қазақ әдебиеті. – 2019. – 31 мамыр. – 6-7 б.

255. Бияшева, Г. Ақынның тойы – елдің тойы: ақын А.Бақтыгерееваны 75 жас мерейтойымен облыс әкімі Ғали Есқалиев арнайы құттықтады // Орал өңірі. – 2019. – 27 тамыз. – 2 б.

256. Болатұлы, А. Ақұштап ақын – ел төрінде // Орал өңірі. – 2019. – 7 маусым. – 10 б.

257. Ғұбайдуллин, Б. Ақжауындай ақжелең жырлар: ақын Ақұштап

Бақтыгереева – 75 жаста // Айқын. – 2019. – 25 қыркүйек. – 7 б.

258. Ғұбайдуллин, Б. Ақ жауындай ақ желең жырлар: ақынның жалынды жырлары туралы // Орал өңірі. – 2019. – 20 қыркүйек. – 10-11 б.

259. Джукина, С. «Жайықтың Ақ шағаласы»: поэзия кеші // Орал өңірі. – 2019. – 27 тамыз. – 7 б.

260. Жазықбай, Т. Жырлары ақиқаттың айнасына айналған // Орал өңірі. – 2019. – 21 мамыр. – 5 б.

261. Жайық қызы: ақын Ақұштап Бақтыгереева // Мерейлі мекен. – 2019. – №20–21. – 18-19 б.

262. Жолдығали, Г. «Тартылып жатқан жағана, тамып тұрменің көз жасым...»: ақынның «Өлең-өмір» атты шығармашылық кеші // Орал өңірі. – 2019. – 24 қыркүйек. – 10-11 б.

263. Құттымұратұлы, Қ. Өмірі өлеңмен өрілген: ақын туралы // Егемен Қазақстан. – 2019. – 25 қыркүйек. – 14 б.

264. Мергенова, Р. «Жайығым деп сыр ашып, жырдан төккен кестесін»: әдеби-сазды кеш // Орал өңірі. – 2019. – 25 маусым. – 8 б.

265. Мықтыбай, Н. Ақжайықтағы ақын тойы: тұңғыш рет І облыстық Ақұштап оқулары болып өтті // Ана тілі. – 2019. – 23-29 мамыр. – 2 б; Айқын. – 2019. – 15 мамыр. – 8 б.

266. Ниетқалиева, Г. Жалғыздың жанын түсінер ақын ғана: Ақұштап Бақтыгереева // Қазақ әдебиеті. – 2019. – 8 қараша. – 7 б.

267. Нұғыманова, Э. Ешкімге ұқсамайтын жыр анасы: ақынның шығармашылығына арналған «Өлең-өмір» атты әдеби-музыкалық кеш // Жайық үні. – 2019. – 26 қыркүйек. – 8 б.

268. Тілекқабылқызы, Г. Ақ Жайықтың Ақ шағаласы – Жәнібекте // Шұғыла. – 2019. – 4 маусым. – 4 б.

269. Файзоллаұлы, Б. Ақұштап ақын ауыл – аймақтың құшағында // Егемен Қазақстан. – 2019. – 5 шілде. – 6 б.

270. Шерім, Б. «Жайықпен жаны егіз Ақұштап»: ақынмен кездесу кеші // Орал өңірі. – 2019. – 28 маусым. – 6 б.

271. Ақұштап ақынмен алыстан кездесу: Ұлттық академиялық кітапхана онлайн режимде ақынмен кездесті // Астана. – 2020. – 7 сәуір. – 16 б.

272. Ақын – құрметті профессор: Ақұштап Бақтыгереева Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің құрметті профессоры атанды // Орал өңірі. – 2020. – 2 желтоқсан. – 16 б.

273. Ақ Жайықтан жеткен ақ лебіз: ақын «Қазақ әдебиеті» газеті арқылы замандас қаламдасы Надежда Лушникова 80 жасқа толу мерейтойымен құттықтады // Қазақ әдебиеті. – 2020. – 20 қараша. – 3 б.

274. Ақын – құрметті профессор: Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Ақұштап Бақтыгереева Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің құрметті профессоры атағына ие болды // Орал өңірі. – 2020. – 2 желтоқсан. – Б. 16.

275. Ақұштап ақынмен алыстан кездесу: Ұлттық академиялық кітапхана онлайн режимде // Астана. – 2020. – 7 сәуір. – 16 б.

276. Алтайұлы, Н. «Ұлы мәдениеті бар ұлт ұлы табысқа кенеледі»: Жәңгір хан атындағы БҚАТУ–да ақынмен кездесу // Орал өңірі. – 2020. – 28 ақпан. – 7 б.

277. 2021 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиясы берілген адамдардың дербес құрамы // Егемен Қазақстан. – 2021. – 23 желтоқсан. – 2 б.

278. Қара жер қарашаға бұйыра ма?: ҚР Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысында Жер қатынастары бойынша заң жобасы туралы ақынның пікірі // Qazaq adabietі (Қазақ әдебиеті). – 2021. – 9 сәуір. – 7 б.

279. Мемлекеттік наградалармен марапатталды: Тәуелсіздік күні қарсаңында бірқатар азамат мемлекеттік наградалармен марапатталғаны // Егемен Қазақстан. – 2021. – 13 желтоқсан. – 2 б.

280. Мықтыбай, Н. Сергек ой, серпінді сөздің ұстасы: ақын А. Бақтыгереева шығармашылығы жайында // Жұлдыз. – 2021. – №6. – 198-205 б.

281. Рабаева, Я. Марапаттарыңыз құтты болсын!: облыс әкімі Ғ. Есқалиев ел Президентінің Жарлығымен мемлекеттік наградаларға ие болған батысқазақстандықтарды қарсылады // Орал өңірі. – 2021. – 17 желтоқсан. – 12 б.

282. Мықтыбай Н. «Сусын» үшін сотталып кете жаздағанбыз» немесе ана тіліміздің дамуына кедергі кімдер?: А. Бақтыгерееваның сөздері алынып, қазақ тілі, қазақ тілінің мәртебесі туралы жазылған мақала // Жұлдыз. – 2022. – №10. – 200-207 б.

283. Райымбекова М. Жауапкершілік. Мейірім. Жазу: «Алқаның» кезекті басқосуында жазудың сыры мен сипаты жайында ақын өз пікірін білдірді // Қазақ әдебиеті. – 2021. – 5 наурыз. – 1, 6-7, 22 б.

284. Түркі әлемінің сый-құрметі: Түркияның Бурса және Кония қалаларында 13-16 қазан күндері бүкіл түркі тілдес мемлекеттердің поэзия фестивалінде ақын А.Бақтыгерееваға Жәлеладдин Руми атындағы халықаралық сыйлық табыс етілді // Орал өңірі. – 2022. – 8 қазан. – 1 б.

285. Ақ жайықтың Ақ шағаласы // Сарайшық. – 2023. – №5. – 43-46 б.

286. Ақынға алғыс хат табысталды: жаңа жылда ақынға Аманат партиясы БҚО филиалының төрағасы Мұрат Мұқаев ҚР Президенті Қасым–Жомарт Тоқаевтың Алғыс хатын табыстады // Жайық үні. – 2023. – 12 қаңтар. – 6 б.

287. Ақұштап Бақтыгереева: 2023 жылы мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендияны беру туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі / Астана, Ақорда, 2023 жылғы 29 желтоқсан № 104 // Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы = Собрание актов Президента Республики Казахстан и Правительства Республики Казахстан. – 2023. – № 69-70. – 5–16 б.

288. «Ақұштап – Ақ шағала»: Ақ Жайықтың «Ақ шағаласы» атанған ақын Ақұштап Бақтыгереева туралы жазылған ән // Қазақстан әйелдері. –

2023. – №1. – 15 б.

289. Қабышұлы, Ғ. Көңілі көлеңкесіз еді: ақынның қызметтесі жазушы Кәдірбек Уәлиев туралы айтқаны // Қазақ әдебиеті. – 2023. – 30 маусым (№26). – 8 б.

290. Талғатқызы, Д. БҚУ бұрымдылары ақынмен жүздесті: М.Өтемісов атындағы БҚУ // Жайық үні. – 2023. – 16 қараша. – 7 б.

291. Ұлт руханияты – түркі әлемінде: Астанадағы «EXPO» халықаралық көрме орталығында өтіп жатқан «EURASIAN BOOK FAIR – 2023» Еуразия халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесінде «Атамұра» корпорациясының ұйымдастыруымен Ақұштап Бақтыгерееваның «Ақ шағала» атты жаңа кітаптың тұсаукесері // Қазақ әдебиеті. – 2023. – 28 сәуір. – 2 б.

292. Амандаулетова, Ф. Мазасыз жүрек жырлайды: ақынның мерейлі 80 жасқа толуына орай «Мезгілсіз жүрек жырлайды» тақырыбында поэзиялық кеш // Үш қоңыр. – 2024. – 9 ақпан. – 2 б.

293. Аманжол, А. «Ақ Жайық, сенсің әр кез сыйынарым»: Бәйтерек ауданының Байқоныс ауылындағы Қадыр Мырза Әли атындағы мектепте ақынмен кездесу кеші // Орал өңірі. – 2024. – 6 ақпан. – 8 б.

294. Бисен, Т. Арулар асыл жандар: Халықаралық әйелдер мерекесі қарсанында облыс әкімі Н. Төреғалиев Қазақстан Президенті Қ. Тоқаевтың құттықтау хаттың ақын Ақұштап Бақтыгерееваға табыстады // Орал өңірі. – 2024. – 12 наурыз. – 2 б.

295. Мүтиев, З. Ақ Жайық – жайық қызы жанарында: ақын Ақұштап Бақтыгерееваның шығармашылық әлемі // «Мәдениет. Ғылым. Қоғам». – 2024. – №1. – 136-142 б.

296. Айдарқызы, А. Ақ қанатты аппақ әлем [Мәтін] / Айзат А. Айдарқызы // Ана тілі. – 2024. – 22 тамыз (№ 33). – 6 б.

297. Айдарқызы, А. Ақ қанатты аппақ әлем [Мәтін] / Айзат А. Айдарқызы // Ана тілі. – 2024. – 22 тамыз (№ 33). – 6 б.

АҚҰШТАП БАҚТЫГЕРЕЕВАҒА АРНАЛҒАН ӨЛЕҢДЕР

1. Тұрғынбекұлы, С. Ақжайықтың аққуы: Ақұштапқа арналған өлең // Орал өңірі. – 1994. – 24 қыркүйек.

2. Мырза Әли, Қ. От пен судың арасы: Ақұштапқа // Мырза Әли, Қ. Алаштың арманы: жыр жинағы. – Алматы: «Санат», 2001. – 31-32 б.

3. Бисенғалиев, С. Жайық қызы: А. Бақтыгерееваға арналған жыр-шашу // Орал өңірі. – 2004. – 21 тамыз.

4. Ерғалиев, Қ. Шабыты шағаладай шарықтаған: Ақұштап Бақтыгерееваға арналған өлеңдер // Орал өңірі. – 2004. – 28 қазан.

5. Қаримоллақызы, Г. Жүрегі толы арман ән: А. Бақтыгерееваға арналған жыр-шашу // Өркен. – 2004. – №9. – қараша.

6. Қыдырниязова, Ш. Өзіндей болу өзгелер үшін ұлы арман: Ақұштап Бақтыгереева арналған жыр-шашу // Қыдырниязова, Ш. Елігі еркін даланың: жинақ. – Орал: «Ағартушы», 2004. – Б. 89; Орал өңірі. – 2004. – 28 қазан.

7. Мұштанова, Д. Апа: Ақұштап Бақтыгереева арналған жыр-шашу // Орал өңірі. – 2004. – 28 қазан.
8. Райымбекұлы, М. Ақұштап апам: Ақұштап ақын алпыста // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 22 қазан. – 12 б.
9. Сейтақ, А. Ақұштаптың «Ақ шағаласы»: Ақұштап Бақтыгереева арналған жыр-шашу // Сейтақ, А. Ай мен ару: өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 2004. – 130-131 б; Орал өңірі. – 2004. – 28 қазан.
10. Таубаева, А. Жырлары Жайығымен үндес ақын: Ақұштап Бақтыгереева арналған жыр-шашу // Жайық ұстазы. – 2004. – 11 қараша.
11. Сейтақ, Ғ. Ақ Жайық пенен Ақұштап: өлең // Сейтақ, Ғ. Тек пен тамыр: өлеңдер мен дастандар (1978-2003). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 55–56 б.
12. Шахин, А. Ақ шағала: өлең // Орал өңірі. – 2007. – 6 желтоқсан. – 12 б.
13. Әмірбек, К. Бас әріп: Ақұштап Бақтыгерееваға // Бақтыгереева, А. Гүлдесте: ақын шығармашылығы жайлы ой-пікірлер, сұхбаттар, арнаулар. – Орал: Ағартушы, 2009. – 59 б.
14. Бисенғалиев, С. Алақан. Жайық қызы: өлеңдер // Бақтыгереева, А. Гүлдесте: ақын шығармашылығы жайлы ой-пікірлер, сұхбаттар, арнаулар. – Орал: Ағартушы, 2009. – 30-31 б.
15. Елеубаева, Ж. Қазақтың қызы – Ақұштап: өлең // Бақтыгереева, А. Гүлдесте: ақын шығармашылығы жайлы ой-пікірлер, сұхбаттар, арнаулар. – Орал: Ағартушы, 2009. – 35-36 б.
16. Каримов, Д. Ақұштап апайға: өлең // Бақтыгереева, А. Гүлдесте: ақын шығармашылығы жайлы ой-пікірлер, сұхбаттар, арнаулар. – Орал: Ағартушы, 2009. – 34-35 б.
17. Қосымбаев, М. Ақын Ақұштап Бақтыгерееваның 60 жылдығына арнау // Қосымбаев, М. Адыраспан: өлеңдер мен толғаулар. – Орал: «Ағартушы», 2009. – 106-111 б.
18. Кузовлева, Т. Қазақтың ақын әйелі: өлең // Бақтыгереева, А. Гүлдесте: ақын шығармашылығы жайлы ой-пікірлер, сұхбаттар, арнаулар. – Орал: Ағартушы, 2009. – 36-37 б.
19. Қыдырниязова, Ш. Өзіндей болу өзгелер үшін ұлы арман: өлең // Бақтыгереева, А. Гүлдесте: ақын шығармашылығы жайлы ой-пікірлер, сұхбаттар, арнаулар. – Орал: Ағартушы, 2009. – 44 б.
20. Молдағалиев, Т. Ақұштап қарындасыма: өлең // Бақтыгереева, А. Гүлдесте: ақын шығармашылығы жайлы ой-пікірлер, сұхбаттар, арнаулар. – Орал: Ағартушы, 2009. – 25-26 б.
21. Молдағалиев, Т. Мен сені білем сонау бала күніннен...: өлең // Орал өңірі. – 2009. – 17 қыркүйек. – 14 б.
22. Мұштанова, Д. Апама. Апа: өлеңдер // Бақтыгереева, А. Гүлдесте: ақын шығармашылығы жайлы ой-пікірлер, сұхбаттар, арнаулар. – Орал: Ағартушы, 2009. – 32, 45 б.
23. Мырза Әлі, Қ. Ақұштапқа: өлең // Бақтыгереева, А. Гүлдесте: ақын

шығармашылығы жайлы ой-пікірлер, сұхбаттар, арнаулар. – Орал: Ағартушы, 2009. – Б. 26 – 27; Орал өңірі. – 2009. – 17. – қыркүйек. – 14 б.

24. Райымбекұлы, М. Ақұштап апам: өлең // Бақтыгереева, А. Гүлдесте: ақын шығармашылығы жайлы ой-пікірлер, сұхбаттар, арнаулар. – Орал: Ағартушы, 2009. – 24 б.

25. Сейтақ, А. Ақұштаптың «Ақ шағаласы»: ақынның «Ақ шағала» атты жыр жинағы жарыққа шықанда туған өлең // Бақтыгереева, А. Гүлдесте: ақын шығармашылығы жайлы ой-пікірлер, сұхбаттар, арнаулар. – Орал: Ағартушы, 2009. – 46 б.

26. Сейтақ, Ғ. Ақ жайық пенен Ақұштап: өлең // Бақтыгереева, А. Гүлдесте: ақын шығармашылығы жайлы ой-пікірлер, сұхбаттар, арнаулар. – Орал: Ағартушы, 2009. – 28 б.

27. Тұрғынбеков, С. Ақұштапқа: өлең // Бақтыгереева, А. Гүлдесте: ақын шығармашылығы жайлы ой-пікірлер, сұхбаттар, арнаулар. – Орал: Ағартушы, 2009. – 33-34 б.

28. Шахин, А. Ақ шағала: өлең // Бақтыгереева, А. Гүлдесте: ақын шығармашылығы жайлы ой-пікірлер, сұхбаттар, арнаулар. – Орал: Ағартушы, 2009. – 29 б.

29. Шахин, А. Ақ шағала: өлең // Шахин, А. Жарқ еткен дәурен: өлеңдер, әңгімелер, хикаялар, деректі шығармалар. – Орал: «Ағартушы», 2009. – 18-19 б.

30. Қажиахметов, М. Ақұштап апам: ақын Ақұштап Бақтыгерееваға арналған өлең // Қазақ әдебиеті. – 2010. – 30 шілде. – 7 б.

31. Мұштанова, Д. Апа: Ақұштап Бақтыгерееваға // Қыдырниязова, Ш., Мұштанова, Д. Қос қанат: өлеңдер, айтыс, жұмбақтар, мақалалар. – Орал: «Ағартушы», 2010. – 125 б.

32. Мұштанова, Д. Шағала көңіл: Ақұштап апам // Қыдырниязова, Ш., Мұштанова, Д. Қос қанат: өлеңдер, айтыс, жұмбақтар, мақалалар. – Орал: «Ағартушы», 2010. – 126 б.

33. Балмолда, М. Алаштың қызы: өлең // Балмолда, М. Ақ тұлпар: өлеңдер. – Орал: «Ағартушы», 2011. – 239-240 б.

34. Айбергенов, Т. А-ға: өлең // Айбергенов әлемі. – 2012. - №7. – 25 б.

35. Балмолда, М. Алаштың Ақұштабы: өлең // Орал өңірі. – 2014. – 21 тамыз. – 8 б.

36. Бөрібекұлы, Ә. Ғайыптан шығып, Жайыққа қонған шағала: қазақ өлеңінің бір биігі А. Бақтыгерееваға арналған өлең // Орал өңірі. – 2014. – 20 қараша. – 8 б.

37. Зинешов, Б. Текке тартқан асыл жан: өлең // Жайық ұстазы. – 2014. – 20 қараша. – Б. 7.

38. Райымбекұлы, М. Ақұштап апам: ақын Ақұштап Бақтыгерееваның мерейтойына арналған өлең // Орал өңірі. – 2014. – 16 қазан. – 13 б.

39. Таубаева, А. Сіз 70-ке толғанда: өлең // Жайық ұстазы. – 2014. – 20 қараша. – 7 б.

40. Шахин, А. Арманға жеткен ақын: ақын, қоғам қайраткері Ақұштап Бақтыгерееваның 70 жылдығына арналған өлең // Жайық үні. – 2014. – 24 шілде. – 6 б.

41. Құсайынқызы, Д. Мақтануға болады: Ақұштап Бақтыгерееваға // Құсайынқызы, Д. Қолтанба: өлеңдер. – Алматы, 2016. – 160 б.

42. Ақұштап Бақтыгерееваға: өлең // Әбдіраш, Ж. Құлпытас. – Алматы: Мер-Press, 2017. – 169 б.

43. Кузовлева, Т. Қазақтың ақын әйелі: ақын Ақұштап Бақтыгереева арналған өлең // Орал өңірі. – 2019. – 20 қыркүйек. – 7 б.

44. Тұрғынбеков, С. Ақұштапқа: өлең // Орал өңірі. – 2019. – 20 қыркүйек. – 7 б.

АҚҰШТАП БАҚТЫГЕРЕЕВАНЫҢ СӨЗІНЕ ЖАЗЫЛҒАН ӘНДЕР

1. Жіберілген хат: сөзі А. Бақтыгерееванікі // Қалдаяқов, Ш. Сағынышым менің: әндер жинағы. – Алматы, Жалын, 1976. – 23-27 б.

2. Қыз сағынышы: сөзі А. Бақтыгерееванікі // Рүстемов, М. Өмір гүлі: әндер. – Алматы: Жалын, 1979. – 27 б.

3. Мен сені сағындым: әні С. Тұрғынбаевтікі; өлеңі А.Бақтыгерееванікі // Ән қанатында. 3-кітап. – Алматы, 1992. – 55 б.

4. Әлде сен де ғашықпысың, шағала?: ән / сөзі А.Бақтыгерееванікі; әні Т. Қайырбекотікі // Сұхбат. – 1993. – №29. – 4 б.

5. Жіберілген хат: сөзі А. Бақтыгерееванікі // Шәмші: Шәмші Қалдаяқовтың әндері мен ақындығы туралы / құраст.: К. Әмірбек. – Алматы, Нақ-нақ, 2002. – 106-107 б.


6. Туған жер: сөзі А. Бақтыгерееванікі; әні Ә.Әбдінұровтікі // Жауынгер әндері: Қазақстан композиторларының патриоттық әндер жинағы. – Астана, 2014. – 43-48 б.

7. Ғашықпысың, шағала: әні Р. Мадреевтікі; өлеңін жазған А. Бақтыгереева // Нұрымбетов, Е. Ақ Жайық саздары: партитуралар. – Орал, 2016. – Т.1. – 202-211 б.

8. Оралдың ерке самалы: әні И. Жақановтікі; өлеңін жазған А. Бақтыгереева // Нұрымбетов, Е. Ақ Жайық саздары: партитуралар. – Орал, 2016. – Т.1. – 50-59 б.

9. Сағындым, Жайық!: әні Г. Абдрашеванікі, сөзі А.Бақтыгерееванікі // Отаным: романстар мен әндер жинағы. – Алматы: ХанТәңірі, 2017. – 82-85 б.

АҚҰШТАП БАҚТЫРЕЕВА ТУРАЛЫ ОЙ-ТОЛҒАМДАР



Әзілхан Нұршайықов,
Қазақстанның халық жазушысы

Мен ақын қарындасым Ақұштап Бақтыгерееваны нәзік лирик деп жүрген едім, оның ауыл жайлы тебіренісін оқып, кей жігіттерде кездеспейтін азаматтың үні мен намыс оятар ойларына қатты разы болдым. Ол – өмірге ұлт мүддесімен қарайтын батыл ақын.

Сағынғали Сейітов,
ақын, сыншы, әдебиет зерттеушісі,
филология ғылымы кандидаты

Ажарың Ақ Жайықтың ақтығындай,
Мәртебең көтерілді бақ туындай,
Көзіне байтақ елдің көрінесің
Қазақтың өлеңінің аққуындай.

Зейнолла Қабдолов,
Қазақстанның Халық жазушысы,
әдебиет зерттеушісі,

Мен Оралды үш қызы арқылы жақсы танымын. Біріншісі аңызға айналған Қыз Жібек. Екіншісі – батырға айналған Ер Мәншүк, үшіншісі – өзіндік мінезі мен өз үні бар ақын – Ақұштап. Ендеше, мен бұл елдердің қыздары мықты-ау деп ұғынам.

Қадыр Мырза Әлі,
ақын, Қазақстанның халық жазушысы

Қыз дегенің болмысынан ана. Ал Ақұштап оған қоса болмысынан ақын. Осылай жаратылғанмен екі қасиеттің басын қосу да оңай шаруа емес. Ақұштап оған әуре болмайды. Ол өзін әрі ана, әрі ақын сезінеді. Өйткені осынау екі қасиетті құдірет Бақтыгерееваның басында біртұтас дүниеге айналған. Оның маңайындағы екі көздің бірі – ананың көзі болса, бірі – ақынның көзі.

Әбіш Кекілбаев,
Қазақстанның халық жазушысы,
мемлекет және қоғам қайраткері

Ақұштап Бақтыгереева әйелдерді емес, әйелдікті жырлайды, әйелдерді емес, әйелдікті қорғайды. Сол үшін де әйелді әйел етіп тұрған нәзіктікті дәріптейді. Тек нәзік жүректер ғана ел мен жердің, заман мен адамның қадір–қасиетін терең түсінеді. Біздің заманымызда адами жарастық пен үй–ішілік бақыттан асқан әлеуметтік мәселе жоқ. Ендеше, Ақұштап Бақтыгереева ең қажетті, ең қиын майданда шайқас салып жүрген ержүрек суреткер.

Қойшығара Салғараұлы,
жазушы, тарихшы–этнограф

Фариза мен Ақұштап – қазақ поэзиясында өзіндік жаңа леп алып келген ақындар әрі қос ақынымыз, орыс әдебиетіндегі Анна Ахматова мен Марина Цветаева сияқты егіз ұғымдар.

Қадыр Жүсіп,
ақын, филология ғылымдарының
докторы, профессор, Қазақстан
Жазушылар Одағының мүшесі

Ақұштап халық жүрегіндегі пернені дәл басады, әр оқырманның көңілін сайратып, жанын жайнатады.

Поэзиядағы нағыз Ана – Ақұштап, поэзиялық туындыларымен елді тербеткен Ана – Ақұштап, Ақұштап – Ел Анасы!

Айтқали Нәріков,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

...Ақұштап Бақтыгерееваның ақындық дауысы уақыт өткен сайын батылдыққа қарай бет бұруда. Оның өлеңдері өзінің сыршыл лиризмдік

қасиетін сақтай отырып, азаматтық тебіреніс орбитасына шығып отыр Ақын шығармасы жалпы адамзат әлеміндегі өзекті тақырыптарды қамтиды.

Серікқали Шарабасов,
әдебиеттанушы ғалым, профессор

Ақын мінезі әлі толассыз буырқануда. Дүние сырын кім түгел игерген. Сондықтан бір қолымен дүниені, екінші қолымен немерелерді тербетіп, Ақұштап ақын әлі мазасыз мінездерді, мазасыз қанатты өлеңдерді тудыра береріне оқырмандары нық сенді.

Серік Тұрғынбекұлы,
жазушы, ақын

Ақұштап өлеңімен де, қарасөзімен де қатар атсалысып, өткір жырларымен бірге батыл пікірлерді нысана еткен көсемсөздерді көбірек толғап жүрген ақын.

Ол үнемі өзінің ардақты ауылын, Ару Ақ Жайығын, аяулы Даласын ойлап, алаңдап жүреді. Ақ Жайықтың тәніне түскен дерт – ақын Ақұштаптың жанын жаралайды. Өйткені Ақ Жайық – оның өз анасы.

Шолпан Қыдырниязова,
ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген
мәдениет қызметкері

Өзіндей тартыс, арпалыстан құралған,
Өзіндей болу өзгелерге ұлы арман.
Ақұштаптай қызы бар Жайық бақытты
Жұбан, Қадыр қатарында тұра алған.

Зейнолла Мүтиев,
әдебиеттанушы ғалым,
доцент, профессор

Ақын мінез байлығын Жайықтан алады, Жайық – Ақұштап қостағаны – ақынның тұлғалық мазмұн байлығын құрайды.

Ақұштап ақынның жанын жадыратар тақырып – Жайық десек,
қаламгердің әр жылдарда жазылған өлең–жырларында сол дәуірдің
сипатындағы өлке бейнесі өрнектеледі.



Айбатыр Сейтақ,
ақын, журналист,
ҚР Жазушылар одағының мүшесі

Әлі де аз Сіз жайлы білеріміз...
Жаныңызда болса да тірегіңіз,
Ақ Жайықта ән салып жүреді екен
Шағаладай шарқ ұрып жүрегіңіз!

АҚҰШТАП БАҚТЫГЕРЕЕВА ТУРАЛЫ ЗАМАНДАСТАР ЛЕБІЗІ

ЖҰМА-НАЗАР СОМЖҮРЕК,

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
әдебиет сыншысы

ҚАЗАҚ ӨЛЕҢІНІҢ АҚ ШАҒАЛАСЫ

1. МАХАББАТЫ-АЙ АНАНЫҢ!

Ақ Жайықтың ақ шағаласы атанған, өзінің тамаша өлең–жырларымен қазақ поэзиясының аспанын биіктетіп, көкжиегін кеңейткен талантты лирик ақын Ақұштап Бақтыгерееваның «Ақ шағала» атты таңдамалысы мен өзге де жыр жинақтарын зерделеу барысында алдымен оның Ана тақырыбына арнаған топтама өлеңдеріне тоқталуды жөн санадым. Ақұштап жырлары кім–кімнің де анасына деген сағыныш–мұңын қозғап, жанарына жас үйірілтеді. Әр өлеңінен өз анаңның аяулы бейнесін, асыл қасиеттерін көресің, «құлыным» деген ыстық сөзі құлағыңа келеді. Қысқасы, өз жүрегіңнен шыққандай қабылдайсың. Балаға деген мәңгі махаббатын өзімен көрге бірге ала кеткен Ұлы Ана бейнесі көз алдыңнан кетпей ұзақ тұрып алады. Ия, әр ана – Ұлы!

Бір кезде мені осы үйде дара бақтың,

Қайтейін, оралар ма ол ғаламат күн?!

«Құлыным көзін іліп алсыншы», – деп,

Есіктен жайлап шығып бара жаттың.

Иә, менің де анам дәл осылай мәпелеп бәйек болып, бағып-қаққан еді-ау, әттең, кезінде қадірін жете білмедік-ау, махаббатына сондай махаббатпен жауап бере алмадық-ау деп, аяулы бейнесін көз алдыға елестете бастайсың. Ақұштаппен бірге сен де сонау-сонау бұлдырап артта қалған жылдарға қайта оралып, қалада оқуда жүріп, анаңды сағынышпен сарғайтқан, өзің де соншалықты сағыныш сезіммен ауылыңа аңсап келіп, ана құшағына енген кездерінді ойлап, көңілің сан түрлі күйге түседі. Аналарымыз «құлыным» деген жалғыз сөзге жан-жүрегінің бар жылуын құйып, ұл–қызына деген барша сағынышын сыйғызып, аналық махаббатын төгіп, ыстық леппен айтады екен-ау! Соны ақын «Жалғыз сөз» деген жырында тебіреніп жеткізген. Өмірде жақсы адамдардан «алтыным, асылым, күнім, гүлім, аққуым, ақ шағалам, ақ сәулем» деген секілді талай-талай тамаша сөздерді естіп жүрсе де: «Құлыным» деген сөзіңе, Жетпейді-ау соның бірі де!» – деп түйіндейді. Осы жыр жолдарынан аналардың емірене айтатын «құлыным» деген сөзінде қаншама ыстық сезім, құдіреттей аналық махаббат жатқанын түйсіне түсесің. Тіпті осы бір сөздің керемет қасиетін қайта танығандай боласың. Оның ана туралы қай жырын оқысаңыз да ормандай ой кешіп кетесіз. Ол анасын аңсап келіп, еркелеп жатып та, тұрып та, сырласып отырып та, сағынып қаладан жазған хаттарында да, тіпті анасы қайтыс болғаннан кейін де оның рухымен тілдесіп мұң шаққан шақтарында да өмір мен адамдар жайлы, сол өмірдегі

әділетсіздіктер мен қайшылықтар, шырылдаған шындықтар жайында толғанады; қамықтырған күйініштері мен сүйіндірген сүйініштерін анасына жайып салады, шерін шертіп, мұңын шағады.

А. Бақтыгереева «Ана жүрегі», «Ана махаббаты» атты жырларына кісіні қайран қалдыратын ел аузындағы мысал, аңыз–әңгімелерді арқау еткен екен. Ол аңыздар ауызша таралып айтылып жүргенімен, кестелі де көркем жыр жолдарына түсірілгенде, көңіл толқытып, әсері арта түскен. Алғашқы аңызда жігіттің ғашық боп жүрген қызы айтуға ауыз бармайтын шарт қояды:

Қинады, қыздың шарты бөлек екен,
О, сұлу, неткен қатал, керемет ең?!
«Анаңның жүрегін ап келген күні
Мен саған жар боламын» деген екен.

Ғашықтық алапат сезімнен есі ауысқан жігіт анасының жүрегін жұлып алып, келе жатқанда сүрініп құлайды. Сонда ана жүрегі «Құлыным–ай, байқасаңшы» деп тіл қатқан ғой. Міне, осы аңызды ақын аналардың асқан мейірімді, балаға деген махаббаты шексіз екенін суреттеуге шебер пайдалана білген. Екінші мысал–аңызда өгей шеше мен туған шешені тел еміп өскен жігіт шын анасы қайсысы екенін анық білмейді екен. Күндердің күнінде оның туған анасы кім екенін анықтау керек болады. Хан баласын ажалдан құтқарған қызметі үшін жігіттің туған анасына сарай салып бермекші. Екі ана да «Мен тудым!» десіп таласыды. Сонда Хан «Екеуіңе екі сарай саламын да, баланы да екіге бөліп беремін» деп, айбалта алдыртады. Сарайға қызыққан өгей шеше келіседі. Сонда туған анасы:

Еңіреп енді бірі зар жылаған,
Бөліске түспесін деп сорлы балам.
«Мен үшін бөле көрме, жер бетінде
Құлыным аман жүрсе болды маған», –

деп баласының амандығын тілейді. Осынау жыр жолдарындағы ана сөзін оқығанда: «Ойпырмай, аналарымыз көрде де «құлынымдап» жатқан шығар» деп, жанарымды жас жуып кетті. Екі аңыздың екеуі де дана халық қана тудыра алатын шын мәнінде нағыз даналық туынды. Ана бейнесін, оның балаға деген шексіз мейірімі мен махаббатын айтып жеткізуде қазақ халқының бұл егіздей екі аңызынан асқан шығарма болуы мүмкін емес! Ақын Ақұштап ел аузындағы осы тамаша екі аңызды жыр жолдарына түсіріп, өте жақсы іс атқарған. Біз қанша «Ана, ана» деп ән салып, шығарма жазып, дәрістер оқып, ананы құрметтеп, қадірлеуге шақырып, үндеп жүргенімізбен, осы екі аңыздан асырып айта алмас едік. Олай болса, Ақұштаптың осы «Ана жүрегі» мен «Ана махаббаты» жыры орта мектептердің әдебиет хрестоматияларына енгізіліп, тәрбиенің бір тәлімді құралына айналуы тиіс дейміз.

2. ЖАЙЫҚПЕН ЖАНЫ ЕГІЗ

Ақұштаптың замандас ақындары қатарында осалы жоқ. Бүгіндері әрқайсысы бір–бір мәуелеген бәйтерек, қазақ поэзиясының мақтаныш жарық жұлдыздары. Дегенмен солардың ішінен Ақұштап жырлары маған ерекше

ыстық әсер етеді, жан–жүрегімді бөлекше баурайды. «Қандай ерекше қасиетімен?» деген сұрақ туады. Міне, бұл әрі заңды, әрі жауабына ойланатын сұрақ. Ақұштап жырларының көркемдігі Фариза, Марфуға, Қанипа, Мағираш, Күләш жырларынан асып түседі деп кесіп-пішіп айта алмас едім. Өлеңде көркемдікпен бірге толып жатқан асыл қасиеттер бар ғой. Сол асылдардың асылы – шынайылық. Ақұштап жырларының жүрегінді жаулап, жаныңды баурайтын басты қасиеті сезім шынайылығы екені айдан анық. Ол қай тақырыпқа қалам тартап, нені, кімді жыр етсе де, оқырманның өз ойының үсітнен дөп түсіп, оның жан-сезімінің сым пернесін сыңғырлата шертіп, сазды үні кісі көңілін тербейді. Ақұштап өлеңдерінің қағидаға айналғандай тағы бір қасиеті – шынайы сезім мен әдемі де әсерлі ой бірімен бірі астасып, астарланып, қатар өрбіп отырады. Сөйтіп, екі әсерге бірдей бөленесіз. Әдемі әсер алып қана қоймай, ақын бастан кешкен күйді бірге кешесіз, сол оқиғаға өзің қоса қатынасқандай, сол көріністі бірге көріп тамашалағандай боласыз.

Өткен XX ғасырдың алпысыншы жылдар поэзиясындағы Қадыр Мырзалиев бастамашы болған бір жақсы һәм тамаша жетістік – өлеңге көркемдік тұрғысынан ғана келмей, сол өлеңмен, әсіресе өлең түйінімен ой айту, оқырманға ой салу. А.Бақтыгереева – осы позицияны берік ұстанып келе жатқан ақындарымыздың бірі. Ол табиғаттың кез келген құбылысын жырлап, соны суреттей отырып, бір тың, тосын ой тауып айтады және солар салиқалы, салмақты ойлар болып шығып жатады. Ақұштаптың табиғат құбылыстарынан ой түю қабілеті, тапқырлығы кісі таңданарлықтай деуге болады. Және оның сол айтқан ойы осы өлеңіммен қалайда бір ой тауып айтайыншы деген арнайы мақсаттан емес, оның өзінің ақындық даралық болмысынан табиғи түрде туындап жатады. Оның көз алдына табиғаттың, болмыстың көркем суретімен қоса бейнелі ой қатар келіп отырады. «Раушан гүлі» жырында:

Сыйлады досым раушан гүлін құлпырған,

Әр жапыраққа сұлулық жұпар сыр тұнған, –

деп бастап, келесі шумақтарда ақын қырқылып әкелген гүлдің бірер күннен кейін қурап солатынын, бірақ тамыры туған жерде аман қалған гүлдің келесі көктемде қайтадан бүр жарып, жұпар шашып, қашан солғанша адамға қуаныш сыйлап өтетінін айта келіп:

Жазылған гүлге қайтадан түлеу жаңарып,

Сан көңілдерге қуаныш нұрдай таралып.

Гүл екеш гүл де ұзартады екен ғұмырын,

Тамыры жатса туған жерінен нәр алып, –

деп, аса салмақты әрі әсерлі ой түйіндейді. Гүл өмірінен өз өмірінңе ұқсастық табасың. Туған жерде таралған тамыр-ұрпағың ғұмырыңды ұзартып жалғастырады. Ұрпақ – тамырың гүлдей қайта көгеріп, көктегенің емес пе? Ақұштап – бір сәт те ойланбай жүре алмайтын ақын. Оны ақын қыздар арасындағы Қадыр десе болар. Қара теңіз курортында демалып жатқан ақын:

Көз тоймайды көгілдір тау көркіне,

Көгілдір су шипа болар дертіне, –

деп, жұмақтай мекендегі тау мен теңіздің сұлу суретін салып, бейнелеп келе жатады да кенет көңілі бұзылып, төтен ойдың шетін шығарып, соны

қатар өрбіте бастайды. «Қыз-ау» деген ауылдағы жеңгесінің сөзін сағынып, ана тілінде бір қандасымен жан сырын шерткісі келеді, мынау ғажап тамаша табиғаттан алған әсерін айтып бөліскісі келеді. Бірақ айналасындағылардың бәрі орыс тілділер кілең.

Өлшеу қиын сағыныштың шыдамын,
Ұзарып та кеткендей ме мына күн.
Айырса егер ана тілден – анаңнан,
Адам үшін қажет болмас жұмағың, –

деп бір-ақ қайырады. Ақынның көз алдындағы тау мен теңіздің бар сұлулығы әп-сәтте ғайып болады. Жаңа ғана ақынмен бірге табиғатты тамашалап, әрі жақсы жыр оқып сергіп отырған сенің де көңіл күйің ортайып, ана тіліңнің жайын ойлап, ішің айрандай ашып қоя береді.

Ақындар үшін жырлайтын тақырыптар сан алуан. Солардың ішінде табиғат лирикасы мен туған жер ерекше орын алады. Өйткені бұл екеуі – ақынның туған анасынан кейінгі екінші анасы, жанының егізі.

Алдымнан шықшы, ақ боран,
Шабытың болар сақтаған.
Менің де жаным мазасыз,
Бұрқанбай тыным таппаған,
Алдымнан шықшы, ақ боран!

Осы жыр жолдарынан бұрқанбай тыным таппайтын табиғаттың ақ боранымен жаны үндес ақын мінезін көресің. Ақұштап ақын табиғатты сырттай тамашалап суреттемейді, онымен тілдесіп, құрбысындай сырласады. Ол, әсіресе, өзінің Ақ Жайығына деген ыстық сезім махаббатын ондаған өлең жазса да жыр етіп тауыса алмай қояды. «Жайыққа сәлем де сен» атты жырындағы:

Сен Жайыққа айт, ерке қыз келеді де,
Өлең жазып ақ көйлек желегіне.
Сағынышы басылмай жүр дегейсің,

Құлаш ұрып қайтпаса тереңіне, – деген басқы шумақтың өзінен-ақ Ақұштапқа тән шынайы сезімнің жан жадыратар жып-жылы лебі еседі. Осында тұнып тұрған эпитет, теңеу, метафоралар жоқ. Бірақ сезім шынайылығымен жаныңды баурайды. Жыр соңында ақын дәстүрлі жүрісінен жаңылмай, әдемі ой айтып, өзінің арналы да арынды өзеніне тартып туған бірбеткей өр мінезін танытады.

Осы тұста айдынды Ақ Жайықтың екі ақын қызы Фариза мен Ақұштаптың табиғат лирикасындағы ерекшелікті, бір-бірінен өзгешелікті айта кетер болсақ, Ф. Оңғарсынова жырларында табиғаттың таза өз бейнесі басым суреттеледі. Ал Ақұштапта суреттен ой басым түсіп жатады.

Абай жыл мезгілдерін суреттегенде сол кездегі елдің тұрмыс-тіршілігін қоса жырлап отырады ғой. Ақұштап та солай табиғат құбылыстарынан тың ой туындатып, сурет пен ойды қыз бұрымындай қатар өріп және кейде оған ел өмірін сабақтастырып жібереді. Мысалы, «Күзгі Жайық» жырында солай:

Айдында баржа-қайықтың,
Жылжыған ізі қалады.

Арнасында да Жайықтың,
Алтын дән көшіп барады.

«Қалай әдемі айтқан!» – дейсің. Және Жайық пен қайықтың ұйқас жағынан да, мазмұн жағынан да үндесе кеткенін қараңызшы. Жырдың соңғы жолы қандай әсерлі! Ақын Ақ Жайығының жағасында жайғасып алып, онымен сыр бөліседі, назын айтады. Ашуға мініп, қаһарымен қалтыратып, қатты тасыған кездері: «Сабыр, Жайық, сәл кідір, сабаңа түс», – деп, сабырға шақырады. Анадай ел тағдырын ойлап, апат әкелмеуді өтінеді. Құрғақшылық болса, сай-салаларды суға толтырып, арқырап-сарқырап тасуын тілейді.

Табиғаттың таңдамалы туындыларының бір тамашасы – бұлбұл құсқа арнаған өлеңін, кәне, оқып көрелік:

Сайрайды бұлбұл биіктен алып дауысын,
Тербелтіп бақты, мүлгітіп бүкіл тау ішін.
Сайрайды бұлбұл құбылтып үнін тынбастан,
Тіршілік оған риза сол бір әні үшін.
Өн қажет гүлге қырларды жапқан көктемде,
Өн қажет шыңға сәулесін ақ таң төккенде.
Не жетсін, шіркін, ғажайып мынау өмірде,
Бір рет нағыз бұлбұлша сайрап өткенге!!!

Ақын бұлбұл әнін барлық жанды тіршілік иелерімен бірге гүлге де, тауға да, тасқа да тыңдатады және мүлгіте тыңдатады. Бұлбұлдың өз әнімен бар табиғатты маужыратып тастайтынын жүрегіңе жеткізе жырлайды. Оған қоса сол бұлбұл секілді барша ел-жұртты өнерімен сүйсіндіріп, жырмен тамсандырып сайрап өтер ме еді деген арман–ойын айтады. Және бұлбұлмен орайластырып, орнымен келістіріп айтады. Ақұштап – сол арманына өмірде жеткен ақын, бұлбұлша дауысын биіктен алып сайрап келе жатқан ақын.

«Зиялы арна» атты жырында ақын қыз сүйікті өзені Ақ Жайық жағасында қалың ойға шомып тұрып:

Сырлассайшы менімен, зиялы арна,
Жетелеген қызыңмын қиялы алға.
Ұқсасам деп өзіңе армандап ем,
Қайдам, сенше теңізге құя алам ба?! –

деп тебіренеді. Ақ Жайық бірде арнасынан асып төгіліп, бірде шалқып тасып, теңізге құйып, сол теңіздің суын тұшытып, балық байлығын арттырып жатса, халқымыздың сүйікті ақын қызы Ақұштаптың да өлең–жырлары қазақ поэзиясының алтын қорына мөлдір бұлақ суындай құйылып, қосылып жатқан және байытып жатқан құнды қазыналар екені айдан анық!

3. ӨРЕЛІ ОЙЛАР ОЙ САЛАДЫ

Ақұштап – айдынында ақшабақтай шоршып–ойнап, толқынымен жарыса жүзіп өскен Ақ Жайығына қай жағынан да ұқсап, тартып туған ақын. Жайық бірде буырқанып тулап ақса, арнасы кеңіп, жазыққа шыққанда сабырмен шалқып ағып жатпай ма. Сол кезде оны кең пейілді аналарға, маңдайы кере қарыс ақылман даналарға ұқсатасың. Ақұштаптың өзі де,

жырлары да сондай. «Біреуде жас та болса, даналық бар, Біреуде қарт та болса, шалалық бар» деп, бір ақын жазғандай, оның 1967 жылы, бар болғаны 23 жаста ғана, бап–балғын өрімталдай шағында жарыққа шығарған «Өрімтал» атты алақандай жыр жинағы ормандай ойлы өлеңдерге толы болатын.

...Жігіттер ажалға да имейтұғын
Оп-оңай иеді екен қызға басын.

...Қызық қой, шіркін, өмір, өзге жанның
«Сүйіктім» дегізетін тентек ұлын.

...Еркектің жасықтарын «әйел» дейді-ау
Әйелдің қасиетін ұқпайтындар.

...Өссе елдің көркі деген гүл деген,
Қызды кейде тең көрмеген ұлменен.
Ұлдарыңның ержеткенде бәрібір
Қыздан бақыт іздейтінін білмеген.

Қандай әдемі әрі ұтымды, әрі ойнақы көркем ойларды тауып айтқан десеңізші! Жас ақын қыз сол кездің өзінде көкірек көзінің қырағылығын танытқан болатын. Ақұштаптың өрімдей «Өрімталымен» қазақ поэзиясына қандай жаңалық әкелгеніне кейінгі тарауда арнайы тоқталатын боламыз. Мені Ақұштап өлеңдеріндегі философиялық ойлар өте–мөте қызықтырады.

Мөлдірді аңдамаймыз бұлақ тұнбай,
Өмірде ойланбаймыз сұрақ тумай.
Біз жүру, жүзуге де үйренбейміз,
Алдымен қара жерге құлап тұрмай.

Бұл жыр шумағын мен оның газетте жарияланған өлеңдері ішінен қойын дәптеріме көшіріп жазып алыппын. Қай жылы екені есімде жоқ. Дегенмен ол бұл өлеңді отызды орталаған шамасында шығарған болу керек деп шамалаймын. Ақұштап өмірден көргендері мен түйгендерінен осындай түйіндер түюге шебер. Үсітене үстірт қалқып оқыған адамға ақын бәріміз былайша да білетін жайларды айта салып отырған сияқты. Бірақ аталмыш жыр шумағы ақынның үлкен ой үстінде отырып, мынау қызығы мен шыжығы, бейнеті мен зейнеті, тәттісі мен ащысы, сәттісі мен сәтсіздіктері, жақсылықтарына қоса жамандықтары, әділетсіздіктері, алдыңнан кесе көлденең тұрып алатын таудай қиындықтары бір–бірімен қабаттасып жататын өмір туралы толғаныс–тебіреніс сәттерінен туған.

Өлеңнің алғашқы жолы лай болмаса, мөлдір судың қадірін білмес едік деп қана тұрған жоқ, өмірдің шыжығы болмаса қызығының, ащысы болмаса тәттісінің қадірін білмейтінімізді айтады. Ал екінші жолдың айтары мен мағынасы тіптен зор. Бұл жыр жолы өмірдің Ұлы Ұстаз екенін айтып тұр! Өмір біздің алдымызға шешуші қиын сұрақтар мен мәселелерді көлденең тартпаса, адамдар, шынында, ойланбас та, толғанбас та еді. Сол сұрақтардың жауабын, мәселелердің шешуін іздей жүріп, ойлана–толғана жүріп, ақылымызға ақыл қосылады екен, соның нәтижесінде жай ас ішіп, аяқ босатар

пенделер жанындағы төмендегі орыннан жоғарылап, одан биіктегі адамдар қатарына қосылады екенбіз. Одан әрі қандай адамдар қатарына қосыламыз? Ол әркімнің қалай ойлануына, бас ішіндегі Алла салып берген ғажап қасиет иесі – миды қалай пайдалануға, оны қалай жұмыс істетуге байланысты.

Ақұштап ақын мағынасы терең осынау философиялық ой түю дәрежесіне көтерілгенге дейін және сол ойын жұп–жұмыр етіп, келісті ұйқас, көркем сөздермен бере білген шеберлікке жеткенге дейін ойға тыным, миға тыныштық бермегенін аңғарасың. Миға тыныштық бермеу дегеніміз – көп оқу деген сөз. «Оқымаған ми сасиды» депті Бауыржан батыр. Оқымасаң, тоғышар, топас болып қаласың дегені ғой бұл. Баукең өзі айтқандай, көп оқымаса, қатардағы батырлардың бірі болып қана қалар еді. Көп оқуының арқасында дара батыр, әрі батырлардың арасында дана батыр болды. Үлкен өкініш сол – қазіргі қоғамымызда оқымағанның салдарынан миллион милар сасып, тіпті адамзат ақылсызданып барады.

Жағадан суға бойлаған сайын тереңдей беретіні секілді, төрт жол жырдың әр жолынан баспалдақтап әрі аттаған сайын мағынасы да күрделеніп барады. Өлеңді оқи отырып, өзіңнің өткен өміріңе еріксіз көз жібересің. Қай тұста, қай жерде қалай сүріндің, себебі не еді, неден қателестің? Соларды ой елегінен өткізіп, бірер сәт қамығып та аласың. Өйткені жай сүрінген емес, қатты құлап, қасірет шеккен кездерің де болған ғой. Қатал тағдыр деп тағдырды да айыптаған шығармыз. Көбіне соның өздеріміз кінәліміз. Жас бала бірер құлап–сүрініп, жүруді үйреніп кетсе, үлкендер өмірде олардан әлдеқайда көп қателеседі екенбіз. Иә, өмірде жұмбақ та көп, сұрақтар да көп. Жауабын үнемі дөп таба бермейміз. Өмірдің күрделілігі де сонда. Міне, Ақұштап ақынның жалғыз шумақ өлеңінен өрбіген ойлар осындай. Ойлы ақынның оқырманға үлкен ой салғаны осы десек керек.

Қазақ философиясының бастауында әл-Фараби бабамыз тұр. Одан кейін қазақта философиялық ойларын қара сөзбен жазып қалдырған – ұлы Абай. Ол екі ортада әлденеше ғасырлар жатыр. Бірақ сол аралық уақыттарда қазақтың философиялық ойы тоқырауға ұшыраған жоқ. Шыңғысхан Отырарды күйретіп, жазу–сызуымызды жойып жібергеннен кейін біздің жазба әдебиетіміз ауыз әдебиетіне орын берді. Ал оның көрнекті өкілдері ұлы жырауларымыз бен ақындарымыз, ұлы билеріміз бен аузы дуалы шешендеріміз болды. Солардың бізге жеткен, әсіресе, насихаттық өлең–жырлары мен шешендік сөздеріндегі философиялық теңіздей терең ойлар Кант пен Гегельдердің еңбектерінен еш кем емес. Бірақ соны бүгінгі біздің философтарымыз әлі игере алмай жатыр. Мысалы, бір ғана Қадыр Мырзалиев шығармаларындағы тұнып тұрған философиялық ойлар қаншама десеңізші! Зерттей білсе, бір докторлық диссертацияға жүк болар еді.

Сөз арасында айта кетелік, ақындар мен жырауларымыздың шығармаларындағы философиялық асыл-қымбат ойларды зерттеп, жарыққа шығару арқылы әлемдік философия ғылымынан өз орнымызды алған болар едік. Сонымен бірге қазақ ойы биікке көтерілер еді. Мұндағы басты қиындық – жай ой мен философиялық ойды бір-бірінен айыра білуде. Ақындардың бәрі де өлеңдері арқылы ой айтады. Бірақ соның бәрін биік философияға жатқызы

беруге болмайтын болар. Философиялық ойлар менмұндалап айқайлап тұрмайды. Оны мен Ақұштап ақынның осы қырына назар аудару барысында аңғардым. «Сонау бір көктем, сонау күз» аталатын жеті шумақ өлеңінің орта тұсындағы:

Қулық пен сұмдық алдауды,
Не деген бақыт білмеген! –

деген екі жолдан көзімді ала алмай қойдым. Қулық-сұмдықпен, басқалардың несібесі есебінен байып, әділдік-адалдық, ар-ұят деген құндылықтарыңды белден басып, үрлеп ішіп, шайқап төгіп, өздерін бақытты адамдар санап жүргендер қаншама? Ал нағыз шын бақыт қайда? Нағыз шын бақыт сол қулық-сұмдықты білмей, ақ пейілмен өмір сүріп, ғұмыр кешуде. Ақын соны жай айта салмаған. «Не деген бақыт!» – деп өте ерекшелеп, екпін түсіріп айтқан. Бұл жерде лирикалық кейіпкер мейлі ақынның өзі болсын, мейлі басқа болсын, ол – бүкіл табиғи болмысымен, ішкі бар жан дүниесімен кристаллдай таза адам және соны шын бақыт, баға жетпес байлыққа балап, ұлттық құндылықтай ардақтап, өз бойындағы сол қасиетін мақтан тұтатын бейкүнә жан. Тұрмысы жұпыны, тіпті, кедей болса да, адалдан ас ішіп, еш кісінің ала жібін аттамай, алдауды білмей, адал өмір сүргенге не жетсін! Алла сыйлаған өмірдің мән-мағынасы да сонда! Әрбір саналы адамның өмірлік ұстанымы да сол болуы керек емес пе. Балаға берер адами тәрбиеміз де, көрсетер өнегеміз де, айтар ақылымыз да, ұрпаққа тасқа қашап жазып қалдырар өсиетіміз де сол – алдауды білмей адал өмір сүру!

Біздер, әдебиет сыншылары, осы уақытқа дейін ақындардың өлең-жырларын зерделеу барысында олардағы жай ойдан биікте жоғары тұратын философиялық маңызды ойларды саралай білмей келіппіз. Сол есімізге келмей жүріпті. Соған оқырмандардың да, ақындардың да назарын аудармаппыз. Соның салдарынан ақындардың өздері өздерін жете танымай, философиялық биік ойлары бола тұрып, соларды даралап көрсете алмай келген. Ақұштаптың зерделеген өлеңі – соның айқын айғағы. Аталмыш екі жыр жолы өлеңнің ортасында мүлдем елеусіз жетімсіреп тұр және сол мәнді ойына өзі мән бермеген, өрбітпеген, басқа жайды жырлай жөнелген. Өлеңді дәл осы ойға құрып, әлгі екі жолды түйінге қойғанда, шіркін! Әйтсе де, әлде де кеш емес. «Ардақты ананың айтқаны» жырындағы:

...Мамалап шыққан алдыңнан сәби дауысы,
Ең үлкен бақыт, ең үлкен сый ғой әйелге! –

деген түйінді де мен философиялық өрелі ойға қосар едім. Ондай дәрежеге көтеріп тұрған «үлкен бақыт» деген сөз емес, «үлкен сый» деген сөз. Сол сыйды әйелге балпанақтай етіп сыйға тартып отырған кім? Ол – құдіреті күшті Алла! Сол сыйы үшін әйелдер де, біздер де Аллаға мың мәрте алғыс айтып, мың мәрте құлшылық қылсақ ләзім.

«Тау соқпағының»:

...Биіктерге бастайтұғын бұралаң,
Өмір де сол тау соқпағы секілді, –
деген және «Тулайды теңіз» атты жырының соңғы:
...Кеудесі толы алыпта,

Тыныштық деген болмайды-ау! –

деген түйіндері де кісіні күрделі, бұралаң-бұралаң өмір жолдары жайлы және кеудесі тулаған жал-жал теңіз толқындары секілді қалың-қалың, қат-қабат ойларға толы тұлғалар туралы сан ойдың соқпағына салары сөзсіз.

Ақұштап – жастайынан өмір жайлы көп ойлана жүріп өскен ақын. Өйткені өмір – сиқырлы тылсым сырларға толы жұмбақ құбылыс. Өмір мен табиғаттың ертең қалай-қалай құбыларына адамның ақылы жетпейді. Мен кіммін, мынау өмірге не үшін келдім, не бітірмекпін, болашақта мені не күтіп тұр деген секілді сан сұрақтар жас ақын қызды жастайынан жиі мазалаған.

Студент кездерінде жазған жырлары оның ойлы өлеңдерге толы «Өрімталында» жинақталған.

...Өмірге келгенім жоқ құр сыланып,
Оранып ақ торғынға өту үшін, –
деп, өмірге не үшін келгенін, мақсатын айқындап алған.
Толмаса терге етегің,
Мұратқа күмән жетерің.
Өкініш болмас бақытың
Түсініп өтсең не екенін. –

деген шумақ соңында нүкте тұрғанымен, бақыт туралы сұрақ қойылған. Бұл – жауабы әлі берілмей келе жатқан философиялық мәңгі сұрақ. Онда жауабын бере алмағанымен, бақытқа қол жеткізу үшін күресу, тер төгу керек екенін әдемілеп, көркемдеп айта білген. Өзі сол жолда күрескен, махаббаты үшін махаббатты ақ маржандай, аппақ гүлдей өлеңдерімен мөлдірете жыр етіп, бақытына қол жеткізген. Жар құшып, ана болып, бала сүйіп, жақсы ақын болып, өзі айтқандай, бақыттың не екенін түсініп, өкінбейтіндей ғұмыр кешіп келеді.

Ақұштаптың «Өрімталдан» кейін әлі отызға жетпеген, жас ақындар қатарында жүрген шағында шығарған «Сені ойлаймын» жыр жинағы да ұлы өмір мен ұлы сезім, махаббат жайында толғаныстарға толы. «Өмір» өлеңінде:

Білмейсің қай белеске жетерінді,
Білмейсің қанша өткелден өтерінді.
Тәкәппар өмір сенің ескере ме
Біреудің ақ тайлағы екенінді? –

деп, өмір туралы, оның адамзатқа жұмбақ тылсым болмысы жайында өрелі ой өрбітеді. Осы біз философия, философия дей бермей, оны «өрелі ой» деп те қолдансақ қайтеді? Осы сөзіміз философияға балама болып, қатар қолдануға әбден лайық деп білемін.

Келесі өлеңдеріндегі төмендегі түйіндері де кім-кімді де ойға қалдырады:

...Ал тағдыр асау аттың тізгіні екен,
Тартқанға, тартысқанға көнбейтұғын.

...Асаудан жуас болдық, өмір бірақ
Қояр ма мойындатпай күштілігін?!

Ақұштап өлеңдерінде мұндай–мұндай өрелі ойлар көптеп кездеседі. Демек, А. Бақтыгереева қатардағы ойлы ақындардың бірі ғана емес, шын мәнінде философ ақын деп бағалай білуіміз керек.

4. ҚЫЗ МАХАББАТЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ

Өткен ғасырдың 60-жылдары қазақ поэзиясының қайта түлеп, жаңғырып, дәуірлеу дәуірі болғаны белгілі. Сол жылдары қазақ поэзиясының сапына бір топ жас ақындар келіп қосылды. Олардың көш басында Қадыр Мырзалиев, М.Мақатаев, Т.Молдағалиев, С.Жиенбаев, Т.Айбергенов, М.Шахановтар тұрса, соларға ілесе өрімдей ақын қыздар Ф.Оңғарсынова, А.Бақтыгереева, М.Айтқожина, М.Сариковалар өлең өрісіне шықты. Сталин өліп, ел еркін тыныс ала бастаған жаңа кезеңнің жас ақындары қазақ поэзиясына тың серпіліс туғызды. Оқырмандар олардың ойы биік, көркемдігі көз тартатын тамаша жырларын сүйсіне оқып, өлеңнің көкжиегі кеңіп, жаңа бір биікке көтерілгенін көрді.

Қазақ поэзиясын тағы бір құлпытқан құбылыс – кейінгі жас толқын ақын қыздардың махаббат, сүйіспеншілік, ғашықтық тақырыбына қалам тартуы. Бұл тақырып бұрын қазақтың ақын қыздары үшін алынбайтын қамал сияқты еді. Қазақтың Сара, Рысжан, Нұрила, Айсұлу, Ұлбике, Ұрқия сияқты ақын қыздары көбіне тек айтыстарда ғана көрінген. Мұсылман әйелдердің ұяндық, ұялшақтық қасиеттеріне қарай олар махаббат тақырыбына жырлар шығаруға батылдық етпеген. Ал төңкерістен кейін заманында шыққан Мәриям Хакімжанова, Зияш Қалауова, Шолпан Иманбаева секілді қыз–келіншектер сыпайылылық шегінен шыға алмай, махаббат, сүйіспеншілік, ғашықтық сезімдерін өлеңге қоспаған, жырламаған. Әйтпесе, олар да сүйген, күйген, махаббат отына өртенген. Ол үшеуінің ізіне ілесіп ере шыққан тағы бір алдыңғы өкілі, қазақтың белгілі ақын қызы бар. Ол – Тұрсынхан Әбдірахманова. Ол 1981 жылы 60 жылдық мүшел тойы күндері «Махаббат туралы өлеңдеріңіз бар ма?» деп сұрағанда: «Жас кезімде махаббат туралы жазуға, жырлауға ұялатынмын. Өзімнен бұрын бұрқыратып сүйіспеншілік туралы жазған ақын әйелді көрмегендіктен бе, әлде ұлттық ұяң мінезден бе, хатқа ғана жазатын құпия сезімді жырмен жариялауға жасқанатын едім», – деп жауап берген. Демек, өткен ғасырдың 60-жылдарына дейін қазақтың ақын қыздарының шығармаларында махаббат тақырыбы ашық жарияланбағаны анық.

Міне, осы ғасырлар бойы алынбай келген берік қамалды бірінші болып алған Ақұштап Бақтыгереева болды. Бұл жөнінде Ақұштап үлкен азаматтық ерлік жасады деп айта аламыз. Оның тұңғыш жыр жинағы 1967 жылы «Өрімтал» деген атпен шықты. Одан біз ақын қыз қаламынан туған тамаша ғашықтық жырларын алғаш рет оқып сүйсіндік. Бұл қыз махаббаттың тұңғыш рет қазақ қызының өз аузынан жыр болып құйылуы еді.

Жігіттер жазды бізді көктем етіп,
Теңеу сөз жерден таппай көкке кетіп.
Қыздар–ау, біз оларды жырламаймыз,

Бір күні аламыз ғой өкпелетіп, –
деп, Ақұштап құбылыс ақын қыздарға әдемі әзіл тастап, махаббат тақырыбын жырлауға шақырды. Сол сыпайы жолдардан бастап ақын қыз сүйіспеншілік жырларды одан әрі өрбітіп әкетті. А.Бақтыгереева өзінің «Қыз сағынышы» деген өлеңінде:

Шыңдағы еріп ақ қар да,
Өзендер тасып жатқанда.
Талдары жаңа бүр ашқан
Сені іздеп бардым бақтарға.
Қырларда қызыл–жасылды
Ізімді гүлдер жасырды.
Көктемгі самал жел болып,
Сипайды сен боп шашымды.
Қиял боп мені жүдеттің,
Бұл күнде ойды үдеттім.
Барады сыймай кеудеме
Сағыныш күйі жүректің.
Қанаты талып шаршаған,
Аққумын көлін аңсаған.
Жетер деп даусым өзіңе,
Оңаша қалып ән салам.
Таң болып келсең ағарған,
Жүзімді көрсем жанардан.
Жайғанда құшақ кеудеңе,
Маңдайды сүйеу бар арман.

Ақұштаптың осынау «Қыз сағынышына» барша қыздардың ақ махаббаты, алыстағы сүйіктісіне деген сүйіспеншілігі, ғажайып сырлы сағынышы сыйып тұр емес пе? Осынау жыр жолдарын әр қыз өз жүрегінен шыққандай қабылдары анық және сол сезімді, қыз сағынышын қалай сыпайы, ізетті жеткізе білген десеңізші!

Және бұл жыр жолдарында сурет бар, ұяң мінезді қазақ қызының жарасымды мінезі бар, көркем көрініс бар. Көз алдыңа жігіт кеудесіне маңдайын сүйей, сағынышын, қуанышын сыпайы–назды қылықпен жеткізіп тұрған аяулы ару бейнесі елестейді емес пе. «Өрімталдағы» Ақұштаптың жігіттерге тастаған мына бір әзіл сауалы қандай:

О, жігіттер, қыздар кім?
«Нәзік гүл»дейсіңдер.
Теңеуін қыздардың
Бірақ білмейсіңдер.
Боранда, жауында
Жол тауып келесің,
Сыйлайсың көктемнің гүлін де.
Бір туған бауырдан
Бізді артық көресің –
Қызды артық көресің түбінде.

Жүрсең де жер–көкті айналып,
Сыймай кең бөлмеңе,
Бір қызға қаласың
Жіпсіз–ақ байланып,
Ол неге?

Бұл сауалдың жауабы – махаббат. Ақын қыз соны жарасымды, әдемі әзілмен, еріксіз жымың еткізетен ойнақылықпен ойнатып ойға оралтқан.

Көп ұзамай Ақұштапқа Фариза Оңғарсынова, Марфуға Айтқожина, Қанипа Бұғыбаевалар үн қосып, ғашықтық, сүйіспеншілік жырларды жаппай жаза бастады. Жырсүйер қауым бұрын жасырулы, жұмбақ сиқырлы сыр болып келген қыз сезімін, қыз махаббатын толғаған өлеңдерді ақын қыздардың өз ауыздарынан естіп, толқып оқып, мол қуанышқа кенелді. Қыздардың да жігіттерді өліп-өшіп, өртені сүйетінін және жүректерін кернеген сол сүйіспеншілік, сағыныш сезімдерін жігіт ақындардан кем жырламайтынын қызыға оқып тамашаладық.

Ақын қыздардың махаббат туралы жырлары 60-жылдардағы қазақ поэзиясын жаңартып, жасартып, қызғалдақ жапқан көктемгі қырдай құлпыртып, гүлдей жайнатып жіберді. Иә, солай қазақ поэзиясы тарихында ақын қыздардан махаббат тақырыбына тұңғыш түрен салып, тамаша ғашықтық жырлар туғызған Ақұштап екеніне ешкімнің таласы болмас. Оған дейін махаббат лирикасы жігіт ақындардың монополиясы болып келді. Ақұштап оларды сол монополиясынан айырды және жігіт ақындардан бір де кем жырламайтынын көрсетті.

Махаббат, сенің әнің тыңдағаным,
Сен едің табынғаным, жырлағаным.
Бірақ мен жырлағаным үшін сені
Мақтау сөз естімедім, сынға қалдым, –

деп, жазды ол кейінгі «Ақжелең» жыр жинағында. Сынағандар жырың нашар емес, «Қыз басыңмен ұялмай жігітті сүйем, күйем, сағындым деп үздіккенің не?» деп кінәлаған болар. Ақын қыз сондай сындарға ұшырайтынын білмеді емес, жақсы білді. Тұрсынхан айтқандай, хатқа ғана, өзінің сыр дәптеріне ғана жазған ғашықтық жырларын, жүрек сырларын жариялауға бата алмай талай толқығаны да анық. Бірақ бірінші қадамды ақын қыздардан біреуі жасауы керек-ті; ұялшақтықты жеңіп, батылдық көрсетуі керек-ті. Сол жауапкершілікті сезініп, мойнына алып, тұңғыш батыл қадам жасағанын Ақұштаптың қазақ әдебиетіндегі азаматтық ерлігі деп бағалауға тиіспіз! Кезінде бағаланбай, керісінше сын естісе, енді оның шынында да азаматтық ерлік болғанын әдебиет тарихына жазып қалдырайық.

Махаббат тақырыбына қыздардан тұңғыш қалам алып тартқаны себепті қысылыстан болар, оның сүйіспеншілік жырлары мейлінше сыпайы да мәдениетті және сезім шынайылығымен жаныңды баурайды. Сүйіспеншіліктің өзі нәзік сыпайы сезім емес пе. Ақұштап оны сол табиғатына сай дәрежеде, мәдениет шеңберінде жырлаудан танбайды, әдептен аттамайды. Сонысымен де бағалы, сонысымен де ерекшеленеді.

Күлкі, назды білмесе,

Неге керек гүл ерін?
Күйіп, сүйіп жүрмесе,
Неге керек жүрегің?

«Риторикалық–шешендік сұрақпен қалай әдемі айтқан, ә!» деп сүйсінесің. Жүректің міндеті тіршілікті жай қамтамасыз ету емес, күйе де біліп, сүйе де біліп, иесіне мағыналы да қызықты өмір сүргізу екенін білдіретін қанатты сөздер.

Алыстық жолы араның
Қалды ма бөгеп қапыда?
Кешігіп жетті хабарың
Жолдаған менің хатыма.

Хат алдым, бойдан әл кетті,
Қайдан күш тауып оқырмын?
Ашпастан аппақ конвертті,
Бауырыма басып отырмын.

Қинаса керек шын зарлық,
Мөлдіреп көзден жас тамды.
Өзіңе деген іңкәрлік
Осы бір сәттен басталды.

Өлеңде алыстағы сүйіктісінен бір хабар күтіп, еліктей елеңдеп жүргенде, сарғайтып жеткен хаттың қолға тиген сәтіндегі қыз бейнесі шын кейпімен, бар болмысымен көз алдыға келеді. Жігіт болса, тағатсызданып, шыдай алмай хатты бас салып жыртып ашып оқи бастар еді. Қараңызшы, қыз табиғаты мүлдем бөлек, оның жан дүниесі – бүтіндей басқа әлем. Үкідей ұлпілдеген қыз жаны неткен нәзік. Асыға күткен хатты ашып оқуға дәрмені жетпей, буыны босап, көңілі толқып, ақ конвертті ақ жүрегіне басып отырып қалады. Мынау жәй хат емес, келіп тұрған сүйіктісінің өзі ғой! Қазір ол сөйлей бастайды, не айтар екен деп толқиды. Ақыры келдің–ау, сағынтып–сарғайтып жеттің–ау деп тебіренеді. Қуаныш жасы мөлдір көзден мөлдіреп, конверт сыртына тырс–тырс тамып жатады.

Неткен жанды сурет! Суретшіге тамаша тақырып емес пе? Мен суретші болсам, осы бір жан тебіренерлік ғажап көріністі полотноға «Махаббат» деген тақырыппен бір жыл, екі жыл, он жыл салар ем, мың рет өзгертер ем. Ол сурет әлем табынып жүрген, бостан–босқа жымылып отырған Моно Лизаны жолда қалдырып, жұрт жүрегін шын жаулап алатын жауһар өнер туындысы болып, махаббатқа соғылған мәңгі ескерткіш болып, көшірмесі дүние жүзі музейлерінде көз жауын алып тұрар еді.

Ал Ақұштап болса сол ұлы махаббатты бар болғаны үш-ақ шумақ жырмен бейнелеп, суреттеп берген. «Қайран ақындар-ай! Қайран жыр құдіреті-ай!» дейсің еріксіз.

Ақұштаптың қазақ поэзиясында азаматтық ерлігі қыздар арасынан махаббатты бірінші боп жырлап, із салуында ғана емес. Сол жылдары сақалды, сақалсыз жазушыларымыз өз романдары мен повестерінде махаббатқа қарсы жаппай шабуылға шығып, оны мансұқтап жүрді. Өз шығармаларында сұлу қыз, сұлу әйелдердің тағдырын қиыр-шиырға салып,

азғын–тозғын, опасыз, тұрақсыз, тұрлаусыз етіп суреттеу етек алды. Ақұштапты, міне, осы жайсыз жайлар қатты ашындырып, өз жүрегін жалау етіп, қыз махаббатын, әйел махаббатын қорғауға шықты. Оның махаббатты жырлауға қыздар арасынан суырылып шығып батылдық еткенінің бір сыры сонда деп білсек керек. Ол өзінің сол ғашықтық жырларымен «Махаббат бар!» деп, жар салды.

Сенбе, дос, өз сертіне тұрмағанға,
Махаббат жалған десе бұл ғаламда.
Махаббат болмаса егер, дала кезіп,
Мәжнүн Ләйләсі үшін жынданар ма?
Махаббат теңеу емес өлеңдегі,
Емес ол аңыз болған ел ермегі.
Махаббат болмаса егер, Жібек зарлап,
Қозы үшін сұлу Баян өлер ме еді?!

Міне, ақынның азаматтық берік позициясы дегеніміз осы! Оның қорғап тұрған шебі – махаббат. Сол шебінен шегіндіре алмайсыз. Өйткені әйел махаббатына тең келер құдірет бұл жалғанда жоқ!

Театрларға бір ақын режиссер жетіспей тұр. «Түйенің танығаны – жапырақ», «соқыр көргенінен жазбайды» дегендей, режиссерлеріміз прозалық спектакльдерді қоюды ғана біледі. Ақұштап ақынның «Махаббат бар!» атты дап–дайын поэзиялық спектаклін сахнаға шығарар ма еді деген ой келеді. Махаббат аңсаған жастар театр ішін кернеп кетер еді-ау.

5. ТҮЙІНДЕЙ КЕЛГЕНДЕ ...

Ақын жаны жел өтінде тұрған үлбіреген ақ гүлдей нәзік. Үп еткен желдің әр лебіне гүлдің тербеліп, дірілдей бастайтыны секілді ақын жүрегі де табиғаттың әр құбылысына, адамдардың жақсылы-жаманды әр әрекетіне қарай бірде толқып, бірде тебіреніп, үнемі мазасыз күй кешеді. Ақынға біткен жүректің соры қалың қашаннан. Ақұштапқа да біткен сондай соры қалың жүрек.

Бөгегім келді алқынған
Бір сәтке жолын дауылдың.
Өзеннің суы сарқылған
Арнасын көріп ауырдым, –

дегеніне имандай сенесіз. Ал ондай қаншама өзен, көлдер суалып, қаншама адамдар қатыгез қоғам тәлкегіне ұшырауда. Соның бәрі ақын қабырғасын қайыстырып, жүрегіне жара салып жатады. Ақынды ел ертеңі де елеңдетіп, бүгінгі жастардың, келер ұрпақтың тәрбиесі де алаңдатады. Олардың ел мен жерді өзі сияқты сүюін тілейді.

...Мейлі түрлі түспенен қасты боя,
Алуан тілде айтылар жастық Ода.
Білетінім: Отанын, халқын сүю –
Болу қажет қашан да басты мода! –

деп, жастарға, болашақ бойжеткендерге аға ұрпақтың өсиет тапсырмасын тапсырады. Бұл жалаң үгіт, құрғақ насихат емес. Біздер, бүгінгі алғы буын еліміз бен жерімізді, діліміз бен тілімізді шын жүректен сүйдік, суығына тоңып, ыстығына күйдік. Әлі де сүйіп, шамамыз келгенінше тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін, ұлтымыздың тілі мен ділінің таза сақталуы үшін күресіп келеміз. Ақұштап ақын да сол күрестің алдыңғы сапында. Оған оның төмендегі жыр жолдары айқын айғақ:

Тынбаспын, сірә, жырлаудан,
Туған жер – анам айналған.
Депутатыңмын туғаннан
Дауыссыз, даусыз сайланған!

Леп белгісін біз қойып отырмыз. Мұндай ірі сөзді, өрелі ойды Ақұштап қана айта алса керекті! Пай-пай, қалай келістіріп айтқан деп, қалай сүйсінбейсің!

Әрине, сүйсінесің. Ақұштап ақынның солай деп, бар дауыспен мәлімдеп айтуына толық негіз бар. Ол қай кезде де ел мүддесін парламент депутаттарынан кем ойлап, кем күресіп жүрген жоқ. Зерделеуімізді Ақұштаптың мына бір тамаша жыр жолдарымен қорытындыласақ болар:

Көк терезем,
Сол арқылы таңмен бірге оянам,
Содан түскен ақ сәулеге боянам.
Әр кеудеге терезедей нұр сыйлап
Өтсем деген мазалайды ой–арман!

Міне, ақынның ақ жүрегінен шыққан ақ арманы. Бұл арман ғана емес, ақынның алға қойған басты мақсаты, өмірлік ұлы мұраты. Әр кеудеге нұр құйсам деген арманына келсек, ол сол асыл арманына жеткен ақын. Жақсы жыр да нұр сипатты, оқыған адамның жан сарайы сәулеленіп, кеудесіне нұр құйылады. Ақұштап оқырмандарының кеудесіне ғұмыр бойы нұр құйып, тамаша өлең–жырларымен сүйсіндіріп келеді, өлеңсүйер елін сол таза бұлақтай жырларымен сусындатып келеді.

Ақұштапты елі, барша жырсүйер қауым, аузы дуалы ақын ағалары «айдынды Ақ Жайықтың ақ шағаласы» атандырған. Бұл – оған берілген ел бағасы, әділ баға. Бірақ қалың елі ақындығын аса жоғары бағалап, халқының ыстық ықыласына бөленген, бір туар, бірегей талантты ақын А.Бақтыгерееваның үкімет тарапынан тиісті марапатталмай, яғни Мемлекеттік сыйлық берілмей жүргені аса өкінішті.

Мен сыншы ретінде де, ақын әрі оқырман ретінде де Ақұштаптың поэзиялық шығармалары Мемлекеттік сыйлыққа әбден лайық деп білемін. Оның қазақтың ақын қыздары арасынан суырылып шығып, қыз махаббатын қазақ поэзиясы тарихында бірінші болып жырлап, тыңнан жол салып бергені нағыз әдеби ерлік екені айқын. Мен Ақұштаптың сол батылдығына, сол қадамды жасаған жүректілігіне әлі күнге дейін қайран қалып, бас иемін. Махаббат лирикасы – жастардың да, жасамыстардың да сүйіп окитын шығармалары. Егер бүгінгі ақын қыздарымыздың махаббат, сүйіспеншілік,

ғашықтық өлең-жырларын оқырман қауым құмарта оқып, содан сүйсіне сусындап жатса, сол үшін олар ең алдымен Ақұштап ақынға борышты.

Ақ Жайық, 2014, №2.

ГҮЛЖАҒАН ОРДА,
М.О.Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институтының
бас ғылыми қызметкері, филол.ғ.д.

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ АҚ ШАҒАЛАСЫ
(Ақұштап Бақтыгерееваның «Ақ шағала» жыр жинағы туралы)

Ұлттық поэзияны «Өрімтал», «Наз», «Қуанышым іңкәрім», «Сені ойлаймын», «Ақ қанат», «Бақыт әні», «Жайық қызы», «Белокрылая» (орыс тілінде), «Ақжелең», «Сүмбіле», «Ақ шағала» сынды жыр жинақтарымен байытқан Ақұштап Бақтыгереева – қазіргі қазақ поэзиясының белді өкілдерінің бірі. С.Капутикин, В.Тушнова, А.Ахматова өлеңдерін қазақ тілінде сөйлетіп, көркем аудармаға үлес қосқан ол – көптеген ән өлеңдердің авторы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Ақынның бұған дейін жазылған жыр жолдарын көпшілік оқырман сүйіп оқығаны белгілі. Сондықтан біз оның соңғы жинағы жөнінде сөз етпекпіз. А.Бақтыгерееваның 2001 жылы жарық көрген «Ақ шағала» атты жыр жинағы – ХХІ ғасыр поэзиясына қосылған соны үлес. Жинаққа енген жырларды оқып отырып, ақын өмір сүрген қоғам, оның өмір жолы туралы бірсыпыра мағлұмат алуға болады. Ақұштаптың әкесінің қызы да, ұлы да болып өскенін бұған дейін жазылған «Әкеме» атты хрестоматиялық, антологиялық және «Өмірбаян» атты өлеңдерінен білетінбіз. Осы өлеңдегі қамшы мен асау құлынға үйірсек болған лирикалық кейіпкердің қалтаға асық жинамай өскендігі оның «ұл» болып тумағандығынан хабар берер деталь. Алайда ақын әкесінің «ертең балама келіншек алып берем» деп жүргенде, оның арқасына қос бұрымның төгіліп сала бергенін табиғаттың жаратылысымен түсіндірген болатын.

Қолымыздағы жинаққа енген бірсыпыра өлеңдер ақынның өмірбаянын тағы бір қырынан толықтыруға қызмет етеді. «Ауылдың тентек ұлдары» өлеңінде «Әр үйдің бір-бір нәні едік, Ақылға өзге көнбейтін. Бәріміз онда бала едік, Ұл-қыз деп ешкім бөлмейтін» дейтін өлеңдер лирикалық кейіпкердің сонау балалық шағынан бастап сөз етеді. Әсіресе оның өз анасын әжесіне еріп «келін» дейтіні ауылда ата-әжесінің бауырында өскен қара домалақтардың қылығын елестетеді. «Әжем «келін» дегенге Мен де жүрдім «келін» деп» келетін жыр жолдары қазақ халқына ғана тән әдет-ғұрып пен салт-сананың бір көрінісі, ұлттық болмыстың айшығы болса, «Он екі жыл жүріпсің Өз қызыңды сүйе алмай» деген жолдары ата мен ене алдында әдеп сақтаған қазақ

келіндерінің инабаттылығын толықтыруға қызмет етеді. «Ерке өстім, көргенім жоқ азап кешіп» деген өлеңінде ақын тіршілік, өмір заңының ғажап екендігіне көңіл аударады. «Бір кезде құндағыңа сыйған сәби Үйіңе сыймай кетсем, кешір, анам» дейтін өлең жолдары қыз балалардың жат жұрттық болып жаралғандығынан хабар берсе, қыздар поэзиясының басты ерекшелігі табиғат сырын аша білуінде екендігін баса айтқан жөн. Тұлымшағы желбіреп, қалаға білім іздеп бара жатқан қызына «Тіліңді ұмытсаң оралма» деген ана үкімі лирикалық кейіпкердің өміріне азық болғанын жыр жолдарынан көруге болады.

Қыздар поэзиясына тән тағы бір ерекшелік – әйел-аналардың құпия сырларына үңілу, жұмбақ жандардың жан жарасына шипа іздеу болса, Ақұштап поэзиясынан да осындай сырларды аңғару қиын емес. Осылайша, өзінің тумысын мойындаған ақын: «Әйел ол – тіршіліктің бәйтерегі, Лайықты балғын жырдың қай теңеуі? Япырмау, Адам ата ұрпақтары Өмірде сен болмасаң қайтер еді?» деп, өлеңдерінде әйел-ананың бейнесін ашуға ұмтылды. Ұлттық әдебиетте қазақ қыздарының арғы-бергі тарихын жырға қоспаған ақын жоқтың қасы. Ақын қазақ халқының тарихына шегініс жасай отырып, «Дала қызы» атты лирикалық дастанында қыз баланың өмірі туралы сыр шертті. XX ғасыр басында қазақ топырағына келген жаңалықтың бірі – қазақ қыздарының бас бостандығын алып, өнер-білімге бет бұруы болса, ақын осы жайды Қарашаш өмірі арқылы суреттеді. «Қалыңдық берген төрені» Қарашаштың менсінбей, қалаға білім іздеп кетуі мен алып қашып барған жерде басына орамал салдырмай кетіп қалуы – қазақ ортасында болмаған жат құбылыс болса, осындай жаңалықтардың ел өміріне енуімен қазақ қыздарының өсіп-толығын көрсетті. Оған Қарашаштың білім алған соң өз ауылына келіп ауылдық совет кеңесін басқаруда сіңірген еңбегі мен соғыс жылдарындағы қайсарлығы мысал. Ақын «Алмайтын болды ел жігітті Осы әйел бастық орнына» деген екі тармаққа қазақ қыздарының ерге бергісіз ерен еңбегін сыйғызды.

Оның аңызға құрылған «Ана жүрегі», «Ана махаббаты» атты жырлары қазақ әдебиетіндегі ана бейнесін толықтыруға қызмет етеді. Біріншісінде сүйгеніне анасының жүрегін алып келе жатқан жігіттің сүрініп кеткенін көрген жүректің баласына мейіріммен тіл қатуы, екіншісіне екі ана ортасында өскен баланың анасы кім екенін білмек болған ханның үкімі арқылы анасын білгені арқау болған. Хан «Екі сарай салдырып екеуіңе жігітті бөліп берем» дегенде бірі келіссе, екіншісі «Мен үшін бөле көрме жер бетінде Құлыным аман жүрсе болды маған» деп көз жасына ерік береді. Ақын осы оқиғадан «Өлшеусіз мейірім мен махаббатың Өзгеден бөлексің-ау, ана жүрек!» деген тұжырым жасайды. Аналар бейнесі осылайша аңыз арқылы да толығыа түсті. Аңызға құрылған жырларының қатарын «Сәби мен жылан», «Қыранның тұяғы», «Аңшының зары» толықтырады. Біріншісінде сәби мен жылан арқылы адамзатқа адалдық пен зұлымдық туралы ой тастаса, екіншісінде қыран құстың ісі арқылы намысы оянбаған пенделерге ой салады. «Аңшының зарында» марал терісін жамылған ағасын байқамай атып салған жігіттің қасірет шерін домбырамен жеткізгеніне кезігеміз. Осы оқиға арқылы өмір

туралы «Бір-ақ күнде ошақ басын ойрандап, Бір-ақ күнде таясың-ау қайран бақ» деген тұжырым жасайды.

Ана туралы осындай жырлардың қатары ХХІ ғасырда тың ойлармен толықты. Бұл жылдары жазылған ақын жырларында ана туралы өлеңдер молынан кездеседі. Лирикалық кейіпкер бірде анасымен сырласса, енді бірде анасына мұң шағады. «Ана сыры», «Аналық ауыр парыз атқардың да», «Анама бірінші хат», «Анама екінші хат», «Анаға хат», «Апа, сенде Тәңір бар, Жасаған бар», «Ол жақта қалай, апа, жылы ма екен» деген өлеңдері қазақ поэзиясындағы ана бейнесін толықтыратын жырлар. «Ана сыры» жалғыз ұлының үйленуін жиырма бес жыл күткен қуанышының белгісіндей әсер берсе, «Адрессіз балада» анасына қаладағы тұрғылықты мекен-жайын бермеген бала туралы «Мейірімді ананың жалғыз ұлы Мейірімсіз болғаны жұмбақ маған» деген ой тастайды. Бұл – ана қадірін білмеген жандарға ой салар ғибрат өлең. Баласын іздеп келген ананың қолында мекен-жайы болмай, үлкен қаладан баласын таппай, шарқ ұрып қиналуы әрине аянышты. О дүниеде жатқан ата-анасына «Баласы әй-кәпірдің» деп айтқызатындарды қара жердің көтеріп жүретіні өкінішті. «Апа, сенде Тәңір бар, жасаған бар, Ал біздерде алаяқ, асаған бар... Мейірімнен айрылған ортада, апа, Көз жасқа да көп адам селт етпейді» деп, қазіргі замандастарымыздың ниет-пиғылының бұзылып бара жатқанынан хабар береді. Ал, біздің аналарымыз барды қанағат тұтқан, «жаным арымның садағасы» деп ар мен ұятты бойына жинаған ибалы да иманды жандар. Осындай аналарымыздың бүгінде, яғни ХХІ ғасырда арамызда сиреп бара жатқаны өмір заңы.

Қазақ қыздарына өсиет айта білген ақын өмір гүлін сындырғандарға: «Қарғыс айтам жігітке ар таптаған, Қызға да айып аяулы жар таппаған. О, Көктемгі мәңгілік қызғалдақтар, Қайғыларың сендердің ортақ маған», – деп лағнет айтады.

Ақынның соңғы жылдары жазылған поэзиясынан туған жер туралы өлеңдердің алатын орны ерекше. «Жайық – Анам, Жайық – Елім, Отаным, Құшақтағым, аймалағым келеді» дейтін Жайықтың ақ шағаласына айналған ақынның туған жер туралы «Ақ Жайық, сенсің әр кез сыйынарым», «Ақ Жайық, тасы, төгіл», «Ақ Жайықтың айдыны», «Ақ Жайыққа жыр арнағым келеді», «Ақжайық арнаға түс арындама», «Туған жер», «Туған жер деп өлетін ала құмда» сынды өлеңдері бірінші көзге түседі. «Сен жайлы ақ бесікте күй тыңдадым» дейтін ақынның туған жер туралы өлеңдері жетерлік. «Ғашықпын гүл тербеген алаңға әсем, Жүрмесем ғашық болып жана алмас ем» деп, қоршаған ортаға, табиғатқа, адамдарға бәріне де ғашықтық сезіммен қарай біледі. Сондықтан да ол елін де, жерін де шын ғашықтарша шынайы сүйеді. Анасының «Қолыңнан келсе, құлыным, Мінезін үйрен далаңның», әкесінің «Сүйгендер, балам, даланы Қорықпас болар қатерден» немесе «Айрылу туған жерінен Қайғысы болған бабамның» деген өсиетімен өскен Жайықтың ақ ерке қызы қайда жүрсе де туған жерін сағынумен болады. Оның себебін «Гүл екең гүл де ұзартады екен ғұмырын Тамыры жатса туған жерінен нәр алып» деп туған жердің құдіретімен таныта білді.

Ақұштап Бақтыгереева соғысты көрмегенмен соғыс салған қасіретті көріп өскен ақын. Сондықтан да оның поэзиясынан 40-жылдардағы ауыр бейнетті арқалаған аналар мен жастайынан жесір қалып жалғыздықтың тақсіретін тартқан жесірлер бейнесі көп орын алған. Бауырынан келген қара қағазды оқымай отқа жағып жіберген анасының өмір бойы жолға қарап өткенін «Қараймыз жұрт аяғы басылғанша, Ал таңда бәрі қайта басталады» деп шынайылықпен нанымды бейнелейді. Себебі, бұл сол тұстағы бірдің емес жүздің, мыңның, миллиондардың қасіреті еді. Ақынның «Сонау соғыс жоғалтқан бауырларды Іздеудеміз жар салып әлі күнгі, Жүрегіміз жоқтаудан әлі мұнды» деп жырлауы да із-түзсіз кеткен жандардың көптігін еске салады. «Тотыққан білектерің күнге күйіп Шөп шауып, өгіз айдап, егін ордың» деп, өз анасы арқылы сол тұстағы қазақ әйелдерінің ауыр бейнетінен сыр шертті. «Жар мұрасы» атты өлеңінде жеңгесінің ғұмыр бойы жарынан келген үшбұрыш хатты орамалға орап, сандықта сақтағанын көрген лирикалық кейіпкер:

Көнімді еткен қайсар тағдыр ісіне,
Ергізбеген сөзге,
өзге кісіге.

Төзім берген тал бойына таусылмас
Қуат берген осы хаттың күші ме?!, - дейді.

Өмірден алған осындай шынайы оқиғалардың қазақ әдебиетіндегі қырқыншы жылғы келіншектердің бейнесін толықтыруға қызмет етері даусыз. «Ағалар» атты өлеңі жастығын майданға беріп, Отан қорғаған ағаларға арналаған:

Қару алып қас жауыңмен беттесіп,
Ал өздерің он сегізде от кешіп,
Оралдыңдар аға болып ауылға
Жауырынды, алақанды оқ тесіп...

«Шаңырақ» атты жырында жары майданда, одан қалған жалғыз тұяқтың аяғы шықпай шейіт болу қасіреті жас өмірін мезгілсіз қартайтқан нағашы жеңгесінің өз шаңырағын жауып, жалғыз қалған кемпірдің қолына кіруі арқылы соғыстың салдарынан талай шаңырақтардың есігі жабылғанын еске салса, «Сағыныштан сарғыш тартып жүзі де» өлеңінде соғыс салған жазылмас дертті былай бейнеледі:

Мола қанша жапқан мәңгі гүл бетін,
Сақтап әр үй жас солдаттың суретін.
Отыз жылда әкесін бір көрмеген
Жер бетінде әлі қанша жүр жетім.

Не шара бар жүйрік уақыт тапса емін,
Жұбанышы болса әйелдің ақ сенім.
Әр бір үйде отыр бүгін әже боп
Жиырмасында жесір қалған жас келін.

«Бар сырымды саған ашық айта алам, Тек сендегі мейірімнен жай табам» дейтін ақын «Көз бояу жалған көңілмен Күлімдеу саған жат дедің. Өзіңнің

маңдай теріңмен Өзіңе бақыт тап дедің» деген ана өсиетін өміріне азық ете білді. Адамгершілік мұраттарын арқау етіп, моральдық құндылықтарды «Жақсылық – арыңның кіршіксіз ақ гүлі, Жақсылық – жаныңның жайдары пәктігі» деп, жырға қосты. Осы тармақтағы әдемі әуез бен үйлесім, қайталаулардың өзара үндестігі ақынның көркемдік шеберлігін толықтыруға қызмет етеді. «Азамат» атты өлеңінде азамат атанудың не екенін «Азамат атану – бір рет серт беру, Тірлікте пасықтық, күңкілді жек көру» деп түсіндіреді.

«Өмірге келсем қайта мен Махаббат жайлы жазамын!» дейтін ақын Махаббаттың нәзік сырын шертуде сыршылдығын танытты:

Арна болшы, толқындайын, соғайын.

Миуа болшы, саялайын, қонайын.

Бұлақ болшы, мөлдіреген тұп-тұнық,

Шөліркесем сусындайын, қанайын.

Жартас болшы, секірейін еркелеп,

Маған сенің жылылығың мол керек.

Соға көрме дауыл болып қапыда,

Соғар болсаң ескертіп қой ертерек.

Махаббаттың тылсым күшін ғана емес, оның қуанышы мен қайғысы тең екенін «Тәттілігі сезімнің қанша болса, Сонша оның қайғысы, азабы да» деп бейнеледі. «Құдірет бар ма тең келер Әйелдің махаббатына» дейтін ақынның әйел махаббатын жырлауы ерекше. Ана мен бала арасындағы махаббатты «Ана сыры» атты өлеңінен көруге негіз бар: «Ана үнсіз. Налиды ұл, күйреп келін. О Махаббат, сен де бір бейнет пе едің?!».

«Инженер бала», «Немере», «Солдат сыры» балладаның жақсы үлгілері. Аталған балладалардың бәріне соғыстың бір оқиғасын арқау еткен ақын тарихилыққа мән берді. «Инженер балада» әкесін соғысқа беріп, анадан жастай қалған баланың инженер болып жетілген шағына кезіксек, «Немереде» соғыстан аман келген солдаттың екі баласы мен жарынан айрылған мүшкіл халіне жолығамыз. От ішінен алып шыққан жетімекті бауырына басқан жанның содан туған немерені алданыш етіп отырғаны да өмір шындығы. От ішіндегі сол оқиғаны ақын: «Жұлдыз біткен қарғағандай бұл түнді Ай да көктен безінгендей бір түрлі. Шырылдаған даусын естіп сәбидің Жанып жатқан үйге қарай ұмтылды» деп жырлайды. Әкені баладан, баланы әкеден айырған сұм соғысқа табиғат ананың өзі лағнет айтып отырғанын ақын осылай шынайылықпен жеткізе жырлады. «Солдат сырында» жарадар солдатты ажал аузынан арашалап қалған қыздың өжет ерлігі мен ел мен жерді жаудан қорғауда жанын оққа тіккен жауынгерлердің Отаншылдық рухына тәнті боламыз. «Қарлығаш» атты жырында мысықтың тырнағына ілінген қарлығаш туралы айта отырып, уақыттың емші екенінен хабар береді. «Қасқырда» кең сахараның тыныштығын бұзғандарға қасқырдың ісі арқылы «Қорыған шығар, мүмкін, бөлтірігін Жоқ әлде кең даласын қызғанды ма?...» деген ой салады.

Қазақ поэзиясындағы арнаудың қатарын ақынның «Ақын Сара ауылында», «Билер жүр Жиенқұлға сертті байлап», «Сол заман қыздар үшін

қатал заман», «Махамбетке», «Батыр» (Әлия Молдағұлова), «Көш басы» (Мариям Хакімжановаға), «Жеңеше» (Мариямға), «Арнау» (Әбіш Кекілбаевқа), «Ерлікті көзбен көрген күн» сынды Жұбан Молдағалиев пен «Бабаның сазы» атты Мұхит Мерәліұлына арнаған топтамалары толықтырып тұр. Ақын Сараның Жиенқұлға қор болғанын сол тұстағы заман қасіреті ретінде суреттейді: «Қыз сорлы мал бергеннің олжасы боп Күндікке кете берген күңіреніп... Солардың көз жасынан жүрексіздер Киіпті түлкі тымақ, иық ішік». Қазақ поэзиясына бір топ сіңлілерін ерте келген Мариям Хакімжанованың ақындығын «Зергерсің сөзден соққан асқан өнек, Шеберсің өлең құйған дастан өңдеп. Жыр көшін өзің батыл бастамасаң, Мүмкін біз бұл өнерден жасқанар ек» деп жырлаумен арнаудың жақсы үлгілерін жасады.

Ертегі ізімен жазылған «Бүркіт пен қарғаның» тәрбиелік мәні зор. Бүркіттің: «Өлексе жеген үш жүзден Отызым артық түлкі алған», – деген шешімі талайларға ой салары анық. Ақын ертегіні тірілту арқылы бүркіт пен қарға өмірінен мысал келтірген.

«Домбыра», «Киіз үй», «Жүйрік», «Асау құлын», сынды жырларын этнографиялық өлеңдер қатарына жатқызуға болады. ХХІ ғасырдағы ақын лирикасы ғибрат өлеңдермен толығуда:

Қыранға құздан келген,
Сай оғаш сезіледі.
Ұясын бұзған жерден
Қарлығаш безінеді...

Жаманмен өткен ғасырдан,
Жақсымен өткен күн артық.
Сүйместің берген асынан,
Сүйіктің берген у артық...

Ерте өскен гүлден қорқамын –
Аязға ұрынады-ау деп,
Мезгілсіз жұлынады-ау деп.
Меңіреу түннен қорқамын –
Жанарлар жұмылады-ау деп,
Аңқаулар жығылады-ау деп...

Әр ақынның өз ортасын жырға қосатынын ескерсек, Ақұштаптың да бүгінгі қоғамның қасіретін жасыра алмауы заңды. Ақын анасымен сырласа отырып «Жүректі сен сыйлаған қансыратты Тонаған адамды адам мына ғасыр», «Мейірімнен айрылған ортада, апа, Көз жасқа да көп адам селт етпейді», «Базарда қайыршы ана қол жаяды, Білмедім ұл-қызының қайда екенін», «Ал бізде әйелдер жүр арақ сатып, Білмедім ерлерінің қайда екенін», «Тастандылар үйі бар сәби толы Бүгінгі махаббаттан жеркенемін» деп, бүгінгі күннен хабар береді. Әсіресе, «Ішкіш әйел» өлеңіне кеңестік дәуірде де, тәуелсіздік тұсында да шешімін таппай жүрген қоғам дерті негіз болған. «Көз ашқалы көргені – тесік қалта, Өмір сүрген мекені – жатақхана» деген жолдар үміттен де, достан да, туыстан да көңілі қалған жанның өмірдің дауылдарына

төтеп бере алмай, белі бүгілгенін байқатады. Өмір бойы тырбанып тірлік еткен жанның дұрыс баспанасы болмауы, соның салдарынан ішімдікке әуес болып өз өмірін тәркі етуі жеке адамның емес, бүкіл қоғамның қасіреті. Бүгінде ана мен бала денсаулығына мемлекет тарапынан көңіл бөлініп отырғаны белгілі, алайда олардың әлеуметтік жағдайын ескеріп жатқан жан жоқ. Еңбек ақысы күнделікті тіршілігінен артылмайтын жандардың үлкен қалалардан пәтер ала алмауы, бар ғұмыры жатақханада өтуі әрине өкінішті. Ақын жанын мазалаған осындай қасірет үкімет басындағы отырған басшылардың назарын аударып жатса құба-құп. «Некесіз туған сәби» – қазіргі таңда балалар үйі мен тастандылар қатары көбейіп бара жатқанынан хабар берер өлең. Міне, осындай келеңсіздіктерге бей-жай қарай алмаған ақын «Жақсылықтан үмітті едім» өлеңінде «Жақсылықтан үмітті едім, Не көрмедім анажан» дей келіп, кері кеткен кер замандағы арақ ішіп жарын сабаған жігітке, абыройсыз аруға, байлыққа бас ұрған жанға, даңқты сатып алатын қуыс кеуде пақырға, ақырған билікке, орашалақ әйелге, шаласауат әкімге, қыз іздеген шалға, мінбеде бос мылжыңдаған «шешендерге» лағнет айтады.

Ақын поэзиясында ана туралы жырлармен бірге анамен сырласу басым. Ол бүгінгі өмір туралы да әрдайым анасымен сырласып «Енді, апа, көрмегенің дұрыс шығар Ауыздық, жүген киген асауынды» дейді. Мұның өзі ақынның заман дертін жасыра алмай, оған қарсы күресуге даяр екендігін байқатады. «Шаршаймын ой сандығын ақтарумен», «Тербетіліп бұйра толқын жалында», «Самал сүйіп, Толқын тербеп жатырмын», «Парлатып көздің жасын Жайыққа ұшқан Мен, апа, секілдімін ақ шағала», «Ақ сазан үркіп кеткен Жайықтаймын» деп өзі айтқандай, бүгінде Ақұштап Бақтыгереева Ақ Жайықтың ғана емес, қазақ поэзиясының ақ шағаласына айналды. Ол – қазақтың Фаризасы атанған ақын апасының артынан ерген ерке қыздардың бірі де, бірегейі. Ақжайықта дүниеге келген ақын апаларына барша қаламгер сіңлілері ұлттық поэзияның көкжиегінде қарыштап самғар қанатыңыз талмасын деген тілек білдіреді.

qamshy.kz gazetі 06 Қазан, 2014

ЕГІЗБАЕВА САНДУҒАШ НҰРЛЫБЕКҚЫЗЫ,

Сағи Жиенбаев атындағы
Ақтөбе облыстық жасөспірімдер
кітапханасының кітапханашысы.

«СЕНШЕ ЖАЙЫҚ АРНАМНАН ТӨГІЛЕР ЕМ...»

Ақын Ақұштап Бақтыгереева – 80 жаста!

...Поэзия – рух пен қуат. Поэзия – уақыт пен кеңістіктен тыс, өйткені ол – мәңгілік. Нағыз ақынға тән қасиет, мейлі толқып тасыған теңіз болсын, мейлі ұшырып әкетер даулы боран болсын, мейлі жақын адам, не, бейтаныс кісі болсын, өз кейіпкерінің күйіне еніп, тіл құдіретін аспап етіп, бар болмысты

«СӨЗ» құдіретімен ақ қағаз бетіне нота сияқты өрнектейді. Осылайша, біз оқып отырған өлеңге күш-қуат беріліп, рухтанады, ерекше сезімге толы өлең жолдары өмірге келіп, дыбысталады.

Әр сөзінде жан мен сананың тазару әуені бар, ақ ерке ақ Жайықтан қанат қағып ұшып шығып, бүгінде бүтін қазақ поэзиясы айдынының ақ шағаласы атанған ақын, көрнекті публицист, қоғам қайраткері Ақұштап Бақтыгереева биыл 80 жастың биігіне көтеріліп отыр.

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, Батыс Қазақстан облысының Құрметті азаматы, халқы «Ақ шағала» деп құрметтеген ақын апамыздың осынау мерейтойына орай Сағи Жиенбаев атындағы Ақтөбе облыстық жасөспірімдер кітапханасы «Сенше Жайық арнамнан төгілер ем...» атты әдеби-поэзиялық кеш өткізді. Кешке Қазақстан Республикасының Мәдениет саласының Үздігі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Нұрлыбек Қалауов, Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжінің білім алушылары, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің жоғары колледж білім алушылары, Қазанғап атындағы өнер мектебінің оқушылары, Есет батыр атындағы олимпиада резервінің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат колледжінің жастары және кітапхана қызметкерлері қатысты.

Әдеби поэзиялық кештің шымылдығы мерейтойесі Ақұштап Бақтыгерееваның сөзіне жазылған «Оралдың ерке самалы» әніне ақын апамыздың фото-суреттерінен бейнебаян көрсетіліп ашылды. Тікелей эфирде байланыста болған Ақұштап Бақтыгереева кештің алғы сөзін өзі бастап, оқырман қауымға қазіргі елімізде орын алып отырған су тасқыны зардабы туралы тоқталып өтті: «Ел басына төнген қиын-қыстау күндерде халықпен бірге екендігімізді айтып, бүкіл ел болып жұмыла бірігіп, үйсіз, күйсіз қалған отандастарымызға рухани да, материалдық қолдау көрсетуге шақырды, және су басқан аймақтарға көмек қолын созып, азық-түлікпен, киім-кешекпен қамтамасыз етуге ат салысып жатқан ел азаматтарына алғысын жеткізді».

Ақұштап Бақтыгереева 1944 жылы 28 тамызда Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданының Еңбек ауылында дүниеге келген. Мектеп қабырғасында жүріп өлеңге құмарлығы оянған ақын апамыз 1961 жылы Орал қаласындағы Сәкен Сейфуллин атындағы №11 орта мектепті бітірген соң арман қуып, Алматыға оқуға аттанады. 1966 жылы қазіргі Қазақ Қыздар Педагогикалық Университетін тәмамдап, ақын баспасөз жұмысына араласа бастайды. Еңбек жолын «Орал өңірі» облыстық газетінен бастап, онан кейін Талдықорған облыстық «Октябрь туы», республикалық «Қазақ әдебиеті» газеттерінде әдеби қызметкер болып қызмет етеді. 1971-1972 жылдар аралығында «Қазақфильм» киностудиясында редактор, 1972-1975 жылдары «Жұлдыз» журналында әдеби қызметкер, 1975-1981 жылдар аралығында «Жазушы» баспасының аударма редакциясында редактор болып қызмет атқарады.

Жайықтың жағасында тулап өскен Ақұштап апамыз Жайығын жырынан бір сәт тастаған емес. Талпынысын да, толғанысын да, күніреніп, тебіренген шағын да Жайыққа арнады, сонымен тілдесті. Өмірлік жары Ғабдірахим ағамызды Алатаудың баурайында жолықтырды. Тұрмыс құрып, бір

шаңырақтың ұйтқысы атанады. Өмірлік белестердің ортасында жүріп, Ақұштап Бақтыгереваның өлеңдер жинағы да жарық көріп, қалың оқырман қауымға жол тартты.

Ақынның алғашқы өлеңдер жинағы «Өрімтал» деген атпен 1967 жылы жарық көрді. Кейіннен «Наз» (1969 жыл), «Қанышым – іңкәрім» (1971 жыл), «Сені ойлаймын» (1973 жыл), «Ақ қанат» (1975 жыл), «Бақыт әні» (1978 жыл), «Жайық қызы» (1980 жыл), «Белокрылая» (1981 жыл), «Ақжелең» (1985 жыл), «Сүмбіле» (1990 жыл) атты кітаптары басылып шықты. 2001 жылы «Ақ шағала» атты таңдамалы жыр жинағы, 2004 жылы «Лебединая верность» атты жинағы жарық көрген. Ақын ретінде А.Бақтыгерееваның азаматтық үні «Трибун-ақын», «Ақ Жайықтың көз жасы», «Елдің елдігі – бірлігі», «Оралдағы ойран» сияқты өлеңдерінде айқын көрінді.

Филология ғылымдарының докторы, жазушы Тұрсын Жұртпай ағамыз өз естелігінде :«...Сол жылдары жарық көрген «Өрімтал» атты жинағын жастығымның астына қойып қойып, оқып, өзімше еліктеп өлең жазатынымын,... ақыры, соның әсерінен үлкен рецензия жаздым» деп мақтанышпен еске алады.

С.Жиенбаев атындағы Ақтөбе облыстық жасөспірімдер кітапханасында ұйымдастырылған кеште сөз алған ақын Нұрлыбек Қалауов Ақұштап Бақтыгереева туралы естелік сырларымен бөлісіп, ақынның мерейтойына жүрек жарды құттықтау лебіздерін арнады. Сондай-ақ Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжінің білім алушылары мен Қазанғап атындағы өнер мектебінің оқушылары ақиық ақын Ақұштап Бақтыгерееваның өлеңдерін жатқа оқып, сахнада поэзиялық композиция ұсынды.

Әдеби кеш барысында «Ақын әлеміне саяхат» айдарына кезек беріліп, А.Бақтыгереева туралы сұрақ-жауап сергіту сәті жүргізілді. Сұрақтар қатысушы қонақтардың әсте қызығушылықтарын, поэзия әлеміне деген шабыттарын асырды. Бірінші сұрақ: «Ақұштап» есімі қандай мағына береді?-деп қойылды. Бұл сұрақтың жауабына тоқталар болсақ: *«Ақұштап — «ақ жібек» ұғымын беретін өте сирек кездесетін есім, ерте кездері әппақ, әрі берік жібек матаны «ұштап» деп атаған екен. Сондықтан да болар ақын өлеңдері атына сай өршіл рухта жібектей төгіліп тұр».*

Сергіту сәтінің екінші сұрағы *«ақын Ақұштап Бақтыгерееваның бірінші оқырманы кім?»* деп қойылды. Қонақтар тарапы қызу талқыға түсіп, әртүрлі нұсқаларын айтып жатты. Бұл сұрақтың жауабы ретінде телеэкраннан бейне үзінді қойылып, онда Ақұштап апамыздың жолдасы Ғабдірахим Жаңбырбаев ағамыздың сұхбаты көрсетілді. Сұхбатта Ғабдірахим ағамыз «... ақын ретінде Ақұштап Бақтыгерееваның бірінші оқырманы мен боламын» деген жауабы айтылды. Бейне сұхбаттағы бұл көрініс қонақтарға ерекше әсер сыйлап, қошеметпен қабылданды.

Ия, Ақұштап апамыз өзге ақындар сияқты шабытын шалқыған теңізден, тасыған судан, самал желден емес, жүректің түбінен іздеді. Онысын тапты. Сол бір сәтте ойға қандай арман салады, не толғандырады,бәрі жыр жолдарына көмкеріледі. Өлеңдері суретке, образға тура құрылатын, бояуы қанық болып, көңілдерге бірден, бірдей әсер ететін ақын Ақұштап апамыздың

қай өлеңі болмасын, алған тақырыбы да, айтар ойы да салмақты. Тыңдаған адамды, оқыған оқырманды ойды-қырды кезіп кетпей, өлеңінің ішіне сыйғыза білген дара ақын. Оның сырын ақтарған, мұңын шаққан өр толқынды Ақ Жайығына келіп:

*Сен жайлы ақ бесікте күй тыңдадым,
Тыңдадым Сандуғаштың сүйкімді әнін.*

*Мен сенің қырыңда өскен қызғалдаққа,
Тәй басып, саусақ жайып ұмтылғанмын...*-деуі, жырдан шашу шашқандай бой тулатар әсер қалдырады.

Ақұштап Бақтыгереева – көптеген ән мәтіндерінің авторы. Оның өлеңдеріне Ө.Бәйділдаев, Ш.Қалдаяқов, Т.Бақтыгереев, Б.Оралұлы, С.Жолбарыс т.б. композиторлар ән жазған.

Ақұштап Бақтыгерееваның 80 жас мерейтойына арналған әдеби поэзиялық кешті Сағи Жиенбаев атындағы Ақтөбе облыстық жасөспірімдер кітапханасы директорының міндетін уақытша атқарушы Ермекбаева Алтынгүл Асқарқызы қорытындылап, кеш барысында мәнерлі жыр өлеңдерін оқыған жас шығармашыл студенттер мен оқушыларға кітапхана әкімшілігі атынан Алғыс хаттарын табыс етті. Сондай-ақ кітапхана ұжымы атынан мерейтой иесі, ақын Ақұштап Бақтыгереева апамызға мерейлі тойының төл куәсі болып, елін қуантатын, халқын қуаттандыратын, оқырмандарын сүйсіндіріп, шабыттандыратын өлең жырлары бір сәтке де тоқтамай, ақ қағаз бетіне ақ қаламымен жазыла берсін деген тілегін жолдады.

Жазушы Тұрсын Жұртпай ағамыздың естелігінде айтылғандай,... «Ақұштап Бақтыгерееваның бейнесі маң даланы мәңгілік сағынып, жусанын сағынып, соған ұмтылып өскен көк қаршыға сияқты. Өзінің мінезі де, ақындығы да осы қаршыға сияқты ұшқыр, таза, сергек, ашық, өткір».

Әдеби кешімізде тікелей эфирде Ақұштап Бақтыгереевамен болған тілдесуде расында да ойдың ұшқырлығы, тазалығы, сергектігі әрбір әңгімесінен байқалып тұрды. Ерекше қасиетке ие ақын апамыздың сөзінің ашықтығы, өткірлігі сонысымен ерекшеленеді емес пе?... Олай болса, өлең-поэзия әлемінде дара тұлғаларымызды ұлықтайтын сән-салтанатты жыр керуенінде амандықпен қауыпша берейік, қадірлі оқырман!

www.farabishakirti.kz
желілік басылым-сайты
15.04.2024

КІТАП ПАРАҒЫНЫҢ СУСЫЛЫ ...









МАЗМҰНЫ

Оқырмандарға	3
Ақұштап Бақтыгерееваның өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері.....	4
Алғыс хаттары, құттықтаулар мен марапаттары.....	6
Ақұштап Бақтыгерееваның еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші.....	7
Ақұштап Бақтыгерееваның жинақтарға енген шығармалары.....	8
Баспасөз беттерінде жарияланған өлеңдері.....	10
Ақұштап Бақтыгерееваның публицистикалық мақалалары.....	13
Ақұштап Бақтыгерееваның хаттары, сұхбаттары, сөйлеген сөздері.....	20
Ақұштап Бақтыгерееваның ой-пікірлері.....	25
Ақұштап Бақтыгерееваның аудармалары, редакциялауға қатысқан кітаптары.....	26
Ақұштап Бақтыгерееваның өмірі мен шығармашылығы туралы.....	27
Ақұштап Бақтыгерееваға арналған өлеңдер.....	45
Ақұштап Бақтыгерееваның сөзіне жазылған әндер.....	48
Ақұштап Бақтыереева туралы ой-толғамдар.....	49
Ақұштап Бақтыгереева туралы замандастар лебізі.....	53
Қосымша материалдар.....	78
Мазмұны.....	82